



МЕРЕЙ

ТӘУЕЛСІЗДІГІМІЗ ТҒЫРЛЫ, ЕЛДІГІМІЗ ҒҰМЫРЛЫ БОЛСЫН!



Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ, Қазақстан Республикасының Президенті:

«Тәуелсіздіктің 25 жылы – біздің бұрынғы уақыт өлшеміне сыймайтын теңдессіз ерлігі. Осы мерейтойлық жылда Қазақстанның Біріккен Ұлттар Ұйымы Қауіпсіздік Кеңесіне сайлануының символдық мәні бар. Парламент қабылдаған Тәуелсіздіктің 25 жылдығы декларациясы біздің ұлы жетістіктеріміз бен жеңісімізді айшықтаған маңызды саяси-құқықтық құжатқа айналды. Жетекші халықаралық сарапшылардың пікірі бойынша, еліміз әлемге Қазақстанның «экономикалық ғажайыбының» жарқын үлгісін көрсетті. Біз бейбітшілік пен келісімнің бірегей моделін қалыптастырдық. Жалпы халықтың қалауымен құрылған Халық ассамблеясы барлық ұлтты қанатының астына алып, басын біріктіре білді. Ең бастысы, кез келген адам «Мен – қазақстандықпын, бұл – менің елім, мен мұнда бақытымды таптым!» деп айта алатын әділетті қоғамды орнаттық. Жаңа елдің іргесін қалаған бүгінгі замандастардың ерен еңбегі уақыт өте келе, тіпті мың жылдан кейін де ұрпақтарымызға Отанымызды одан әрі ілгерілету жолында демәу болып, септігін тигізе береді. Бәрімізге болашақта мерейлі табыстар тілеймін. Көк байрағымыз ашық аспанымызда мәңгі желбірей берсін! Тәуелсіздігіміз тұғырлы, елдігіміз ғұмырлы болсын! Ұлы белестерді бағындыруға – алға Қазақстан! Ұлы мақсаттарды орындау жолында алға, халқым!»

ӘУЛЕТ

Ақмола өңіріндегі Жақсы ауылында іссапарда жүр едік. Әлдене қажет болып азық-түлік сататын дүкенге бас сұқтық. Құрқылдайдың ұясындай жып-жылы. Әр зат өз орнында жайнап тұр екен.

Қалай қарасаң да, ұқыпты қолдың табы анық байқалады. Сатушысы да иман жүзді. Адам тілдескенше деген емес пе, қас пен көздің арасында ел жайы, халықтың тұрмысы төңірегіндегі әңгіме сабақталып кетті. Сөйтсек, өз кәсібін дөңгелету үшін біршама ауыртпалықты бастан кешуге тура келіпті. Әсіресе, тәуелсіздіктің алғашқы жылдары. Жолаушы екенімізді білген соң, дүкеннен қарға адым жердегі шаңырағына бас сұғып, дәм татуға

ЖАҚСЫНЫҢ ЖАҚСЫЛАРЫ



шақырды. Астан үлкен емеспіз, шақыруын құп алдық. Үйінде үлкен адамы бар екен. Қайын енесі. Алдымен үлкен кісіге сәлем бердік. Ауыл-аймақтың амандығынан кейін

тәуелсіздік жылдарының шежіресі өріліп жүре берді.

– Тәуелсіздік алғанымызда елмен бірге шүкіршілік айттық. Ата-бабамыздың анасаған арманы ғой. Еншалла, біздің қолымыз жетті, – дейді Әмина әжей, – рас алғашқы жылдары қиын болды. Жалғыз біз емес, осы Жақсы ауылында ішкерге ас таба алмай қиналып қалғандар да болды десем, жалған айтпаған болармын. Дәтке қуаты, менің жолдасым Сайлаубек ғұмыр бойы теміржол саласында жұмыс істеген болатын. Әкесі бастаған кәсіпті баласы Сапарбек те жалғастырып сол теміржолда жұмыс

істеді. Теміржолдың бір жақсы жері үздіксіз жұмыс істеп тұрады ғой.

(Жалғасы 3-бетте)

МІНБЕР

Биыл Қазақстан Тәуелсіздігіне – 25 жыл. Егемендікке қол жекізген сонау 1991 жылдан бері қазақ елі даңғыл даму жолынан өтті. Небір қиын кезеңдер мен ауыртпалықтарды бастан кешірді. Биік асуларды бағындырып, орасан жетістіктерге жетті. Әлбетте, осы шаруаның ешбірі оңайға түскен жоқ. Тәуелсіз мемлекеттің жүріп өткен жолын қайта бағамдау маңызды әрі тағылымы мол.

1991 жылғы 16 желтоқсан – тұғырлы тәуелсіздігіміздің, ғұмырлы мемлекеттігіміздің бастауы болған күн. «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заңды қабылдап, төрткүл дүниеге азаттығымызды жария еттік. Жұбан ақын жырлағандай, қазақ «Мың өліп, мың тіріліп», осы кастерлі күнге жетті. Ата-бабамыз тәуелсіздікті сан ғасырлар армандап өтті. Егемендік үшін күресті. Қазір қазақтың қай жерін алсаң да, асты толған зират, сүйек. Күлтегіне арналған жырда «Сүйегі таудай үйілді, қаны судай ағылды» деп бекерге айтылмаған. Қытайлар «Мыңжылдықтар тоғысында өмір сүрмеу керек» деп айтады екен. Біз өмір сүріп отырмыз. Дәуір мен дәуір, ғасыр мен ғасыр алмасып жатқанда, халқымыз сан мың жылдар анасаған мұратына жетті.

Тәуелсіздік алған тұста бес жыл елдің идеологиясын басқардым. Сол кезде «Мына тәуелсіздікті қан төкпей алдық» дегендер табылды. Солардың біразын шақырып алып, «Екі жарым мың жыл ата-бабаң қанға шомылды. Қан жылады, қырылды. Осы аз ба саған? Тағы қан көргің келіп отыр ма?»



РУХ БЕРЕР ҰҒЫМ

Солардың көксеген арманына біз жетіп отырмыз. Ендігі мақсат – осы тәуелсіздікті баянды ету» деп айтқаным бар еді. Осылай Тәуелсіздіктің ақ таңын көру бақыты біздің ұрпаққа бұйырды. Әрине, бәрі бірден бола қойған жоқ. Алғашқы жылдары экономика тұралап, ел күйзеліске ұшырап, халық абдырап, жұртты үрей биледі. Түрлі шерулер, митингілер көбейіп, қозғалыстар пайда болды. Неше түрлі арандатушылар, небір «көсемдер» шықты. Осындай жағдайда елді ұйыстырып, оны жаңа белеске көтеру оңайға түскен жоқ. Бірақ осынау алмағайып кезеңде тізгінді қолына алған Нұрсұлтан Назарбаев елді дұрыс бағытқа салды. Ел біртіндеп есін жиып, еңсесін көтере бастады. Мемлекет басшысы содан бері көрегенділік пен даналық танытып, қазақ елін небір дағдарыстан алып шығып, биік асуларға көтеріп, мәртебесін асқартатып келе жатыр. Сондықтан халық Тәуелсіздік пен Президентті бір-бірінен ажыратпай, тұтастықта қарайды. Жан-жақтан анталаған кезеңде жанында болған, ерлігін, қайсарлығын, тәуекелшілдігін көзімен көрген, елі үшін атқарған ерен еңбектерінің куәсі болған адаммын. Тәуелсіздіктің қиын да күрделі жылдары 5 жыл бойы күні-түні қасында болып, тереңдігін, кемелдігін көрдім. Елім дегенде ең дүниеге сыймай талай тебіренгенін, талай ұйқысыз түндер мен тынымсыз күндерді басынан кешіргенін көзіммен көріп, жүрегіммен сездім. Арпалысқан, аласапыран кезеңде үйреніскен қалыпты жүйені астан-кестені шығып жатқан, алда не боларын білмей жұрт сасқалақтаған уақытта Нұрсұлтан Назарбаев именбей қол бастады, тар кезеңнен жол тапты.

(Жалғасы 3-бетте)



БИРЖАМЕТР

МҰНАЙ (brent)
54,30

DOLLAR
335,5

EURO
353

РУБЛЬ
5,45

«ЖАС ҚАЗАҚ» КОНФЕРЕНЦИЯСЫ



Отаны бірдей –
тілегі бір

(Жалғасы 6-бетте)

СӨЗСЫРҒА

Бүгінгінің сөзі

Бауыржан Момышұлының өлеңмен жазылған шығармалары жеткілікті екені мәлім. Олар мірдің оғындай нысанаға деп тиетіндігімен де құнды. Солардың бірінде:

«Барлығы әйел заттың үйші емес,
Сарнатқан домбыраны күйші емес.
Тырбандап аяқ-қолын сілтегенмен,
Барлығы «жорғалардың» биші емес.
Ән салуға алдымен ақыл керек,
Ырғақтың мағынасына болар тірек.
Ой бар ма, жүрек бар ма, лебіз бар ма,
Көгермен, тыңдарманға солар керек?!» –

делінер еді. Даңғаза-дақпыртты ұнатпай, ұлттық мүддені көбірек діттеп, нағыз өнерді дәріптеген батырдың талай жылдар бұрын жазылған осы шумақтары дәл бүгінгі олқылықтарды шенегендей естілмей ме.

(Толығырақ 7-бетте)

Мерей

Елордада Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың қатысумен Қазақстан Тәуелсіздігінің 25 жылдық мерейтойына арналған салтанатты жиын өтті. Өз халқын ұлық мереке – Тәуелсіздігіміздің 25 жылдығымен құттықтады. Ширек ғасырда еліміздің еңсесін тіктеу үшін ерінбей еңбек еткен әр азаматқа алғысын білдіріп, алдағы жоспарға тоқталды.

мықты, парасатты болсын. Өз отанын, халқын ғана емес, басқа да халықтарды, барша адамзатты сүйетін ғаламшар балалары болып өссін. Біз мектептерде, университеттерде осындай адамдарды тәрбиелейміз. Біз осындай қоғам құруға ұмтылып жатырмыз. Жана Олимпиада чемпионы Данияр Елеусінов айтқандай, ұранымыз – «Алға, Қазақстан!» болсын!», – деді.

«ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ МӘРТЕБЕСІ ӨРКЕНДЕДІ»

Елбасы егемендік жылдарындағы казак тілінің ахуалына баға берді. Біз касиетті казак тілі мен ұлттық

берілетін жәрдемақы 20 пайызға өседі. Мемлекет басшысы үкіметке осындай тапсырма берді. Бұл шамамен 2,2 миллион отандасымызды қамтуы тиіс. Сонымен қатар 2017 жылдың 1 шілдесінен бастап баланың дүниеге келуіне орай берілетін бір реттік жәрдемақы мөлшерін 20 пайызға өсіруді тапсырды. Салтанатты жиын барысында мемлекет басшысы отандық бизнес өкілдеріне алғыс айтты. Елбасы «Бүгінде қалыптасқан бизнесмендерімізде мүліктікті мұра қалдырып, бастапқы капитал бөліп берген миллионер әкелері болған жоқ. Олар өз күшімен суырылып шықты. Өзінің еңбегімен іскерлігін және елдің болашағын құрған еңбекқор адамдар реформалардың құндылығын арттырғанын үнемі айтып жүрмін», – деді. Осы орайда Президент қазіргі кезде мұндай адамдар елімізде өмір

ҰРАНЫМЫЗ – «АЛҒА, ҚАЗАҚСТАН!»



Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев өз өкілеттілігін Парламент пен үкімет арасында үйлестіру мәселесін көтерді. Елбасы «Жаңа мемлекет құру мен реформалардың сәтті іске асуына мықты президенттік билік себеп болды. Оны Тәуелсіздік тарихы ашық көрсетті. Елімізде президенттік басқару формасы бұған дейін болған, болады да. Соның барлығы Атазанымызда көрсетілген. Біздің тарихымыз да, салт-дәстүріміз де соған сай келеді. Дегенмен, бүгінде Президент, парламент пен үкімет арасындағы өкілеттіліктерді үйлестіру мәселесін қайта қарап шығатын уақыт келді. Арнайы комиссия осыны жан-жақты зерделеп, тиісті ұсыныстарын жасауы тиіс. Заңдарды өзгертеміз бе, бәлкім, Конституцияға да өзгеріс енгізуге тура келетін шығар», – деп атап көрсетті. Сондай-ақ Президент Нұрсұлтан Назарбаев бокстан Олимпиада чемпионы Данияр Елеусіновтің «Қазақстанның ұраны «Алға Қазақстан!» болса» деген ұсынысын қолдады. Рио Олимпиадасының алтын жүлдегері бұл ұсынысты Тәуелсіздік сарайында өтіп жатқан салтанатты жиында сөйлегенде айтқан болатын. Мемлекет басшысы «Ертенгі Қазақстанның азаматтары бүгінгіден де білімді, денсаулықтары

мәдениетіміздің жаһандық гуманитарлық кеңістікке еркін енуін қамтамасыз еттік. Өздеріңіз көріп, естідіңіздер, қазақтың тілі Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының төрінен естілді. Ол ғарыштан да естілді, бүгінде интернеттің де тілі. Отандық ақпарат құралдарының басым көпшілігі қазақша шығады. Естеріңізде болса, бір кезде, Тәуелсіздікке дейін Алматыда бір ғана казак мектебі бар еді. Өткен 25 жылда елімізде казак тілінде білім беретін 1 мыннан астам мектеп ашылды.

Осы орайда Мемлекет басшысы қазақтың тілі АҚШ, Ұлыбритания, Германия, Қытай, Оңтүстік Корея, Мажарстан, Польша, Әзірбайжан, Армения сияқты елдердің белді университеттерінде оқытылып жүргендігін жеткізді. Қазіргі таңда мектеп оқушыларының үштен екісінен астамы, студенттердің 60 пайызға жуығы мемлекеттік тілде білім алып жатыр. Еліміз бойынша казак тілін оқытатын 350 орталық табысты жұмыс істеуде.

ЗЕЙНЕТАҚЫ МЕН ЖӨРДЕМАҚЫ ӨСЕДІ

Келер жылы зейнетақы мен балалардың дүниеге келуіне орай

сүріп жатқандықтан, Казакстан өзінің күш-қуатына сенімді екенін атап өтті.

Елбасы Тәуелсіздіктің 25 жылдығына арналған салтанатты шара барысында елдің дамуына жұмыс істеген барша казакстандықтарға алғыс айтты. Барша отандастарымызға, мереке күндері де жұмыс істеп жатқан қызметкерлерге, демалыссыз, тынбай еңбек ететін өндіріс ошақтарының жұмыскерлеріне, фермерлер мен ұстаздарға, дәрігерлерге, ғалымдарға, кәсіпкерлер мен әскери қызметкерлерге, өнер иелеріне, жастарға елдің гүлденуі жолында еңбек еткендері үшін алғыс білдірді. Мемлекет басшысының айтуынша, Тәуелсіздік жылдары экономикамыз 20 есеге өсті. 25 жылдың 17 жылында ол тынымсыз өсуде. Елбасы ең күрделі кездің өзінде отандастардың қолдауы күш-жігер бергенін айтып өтті. 1991 жылдың 10 желтоқсанында, яғни 25 жыл бұрын мен Президент лауазымына келдім. Халқым үшін кез келген сынаққа төтеп беруге дайын болдым. 25 жыл өткен соң Тәуелсіздігіміздің мерейтойында осы сөздерді қайталағым келеді. Президент өз ойын былай түйінделді: «Мен үшін Қазақстан халқына адал қызмет студент асқан бақыт жоқ».

(Өз тілшіміз)



БОЛАШАҒЫМЫЗ – БІРЛІКТЕ!

БІЗДІҢ БҮГІНГІ КҮНІМІЗ – ТАҒДЫР СЫЙЛЫҒЫ

Тәуелсіздіктің 25 жылында еліміздің азаматтары арасында келісімге, өзара сенімге негізделген қарым-қатынас орната білдік. Бізде этносаралық келіспеушілікке жол берілген жоқ. Нұрсұлтан Назарбаев осындай салиқалы саясатты үнемі жүргізді. Қазақстан Халқы ассамблеясы мен бүкіл қоғамның бірлескен жұмысы туралы айтар болсақ, Мемлекет басшысы бір сөзінде «Қазақстан Халқы ассамблеясы – бұл Қазақстанның бүкіл халқы» деп айтқан еді. Бұл Ассамблеяның жұмысына берілген жоғары баға. Менің ұлтым – шешен, мен Ассамблеядан сайланған Парламент депутатымын. Мұндай этностық өкілдік ҚХА арқылы іске асырылады. Біз үш шақырылымда тоғыз адамнан сайландық. Саяси бағытта этникалық топтардың мүддесін ескеріп отырмыз. Осылайша, азаматтық бірегейлік негізінде мемлекетіміздің бірлігі жарасқан бір ұлтын қалыптастыру мақсатын ұстандық. Ел ішінде діни, ұлттық мәселелер бойынша адамдарды араздастыратын жайттарға жол бермедік. Біздің бүгінгі күніміз – тағдыр сыйлығы. Қазақстан халқы елімізде әрқашан тыныштық, тұрақтылық, бірлік пен келісім болуы үшін көп еңбектеніп келеді. Мұның зор жауапкершілігін әркім түсінеді. «Мәңгілік Ел» патриоттық актісінде тәуелсіздіктен кейін тұрақтылық, халықтың ынтымағы мен достығы аса маңызды екенін жазып қойдық. Ең үлкен табысымыз осы. Ал экономика түрлі жағдайларға байланысты бірде өседі, бірде құлдырайды. Террористік актілер бүкіл әлемде, кез келген қоғамда қашанда болған дүние. Адамдардың бай-кедейі де әрқашан болады. Осының бәрі тек тұрақтылық пен келісім болғанда ғана шешілетіні даусыз. Алдағы күніміз қандай болмақ? Біздің «Қазақстан-2050» стратегиямыз бар. Кейбір скептиктер бұл стратегияны тек жақсы жазылған құжат деп есептейді. Бұл құжатты мұқият зерделеп қарап, экономикалық жағын таразыласақ, оны орындауға мүмкіндігіміз бар. Яғни 30-35 жылдан кейін, мүмкін ертерек, Қазақстан ең дамыған мемлекеттердің деңгейіне жетеді. Жоғары деңгейде дамыған елдер дегеніміз не? Бұл өз елін мақтан тұтатын еркін адамдар, олар өз Отанының патриоты. Осындай елде тұратын азаматтардың әлемдегі орнына байланысты күмәні жоқ. «Қазақстан – бұл мен» деген ұғымды қалыптастырған кезде осы критерийлерге де қол жеткіземіз. Мен әлемдік қауымдастықтағы біздің болашағымыз абыройлы болатынына сенімдімін. Біздің айналамызды тұрақтылығымызды шайқауды көздейтін оқиғалар көп болған сайын, қазақстандықтар киелі тәуелсіздігіміз мен бірлігімізді сақтау үшін жұмыла түседі.

Ахмед МҰРАДОВ, Мәжіліс депутаты



КРОЛ ҚАЗАҚША ҚҰТТЫҚТАДЫ

Америка Құрама Штаттарының Қазақстандағы елшісі Джордж Крол Ел Тәуелсіздігінің 25 жылдығымен әдеттегідей қазақ тілінде құттықтады.



Ол бейне құттықтауда екі ел арасындағы стратегиялық серіктестік пен ынтымақтастыққа да 25 жыл толғанын атап өтті.

Елшінің айтуынша, біздің елдігіміз достық, екі жақты құрмет пен максаттарға негізделген. Д.Крол «Мен Қазақстандағы кезеңімде стратегиялық әріптестіктің

қарқыны мен халықтар арасындағы достықтың өркендеуінен қатты әсер алдым. АҚШ Қазақстанның ДСҰ-ға мүше болуын, БҰҰ-ның Кауіпсіздің Кеңесіне сайлануын қолдады. Біздің серіктестігіміз болашақ ұрпақ үшін! Тәуелсіздік күні құтты болсын!», – деген ізгі ниетін білдірді.

АПТАНЫҢ АЙТАРЫ

28

мың адам. Тәуелсіздік мерекесіне орай осынша азамат рахымшылыққа ілігеді

25

мың ағаш. Жамбыл облысында 25 гектар жерге отырғызылды

4,7

млн теңге. Отандық кәсіпкердің шығарған бір смартфонның бағасы

БЕЙБІТ ӨМІРГЕ БАСТАЙТЫН ШЕШІМ



халықаралық қоғамдастық қарусыздану және оны таратпау саласындағы Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың көшбасшылығы мен сындарлы ұсыныстарын атап өтуде. ПNNP Қазақстанның, оның ішінде еліміздің БҰҰ Кауіпсіздік Кеңесіне мүше болған кезеңдегі саясатын жан-жақты қолдауды жалғастыра беруге ниеттеніп отыр.

(Өз тілшіміз)

Мінбер

(Басы 1-бетте)


деп айтқан болатынмын. Міне, қазір солай болды. Біз өмірі армандамаған Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының саммитін өткіздік. Ал қазір ешкімнің өні түгіл, түсіне кірмеген БҰҰ-ның Қауіпсіздік Кеңесіне мүше болып отырмыз. Күні кеше ғана Қытайда әлемдегі ең ықпалды 20 мемлекеттің басшыларының ішінде біздің Елбасымыз отырды. Нұрсұлтан Назарбаев қазір айтса, сөзі өтетін, істесе, қолынан келетін үлкен әлемдік тұлғаға айналды.



Тәуелсіздік жылдарындағы тағдырлы шешімдердің ешбірі оңайға түскен жоқ. Әрқашан күмән мен күдік болды. Алғашқы қарбалас жылдарда Нұрсұлтан Назарбаевтың жүзеге асырмақ болған кейбір ойларына келіспей, қарсы шыққандар аз болмады. Мемлекет басшысының ойлары мен идеяларын кезінде көбі өз мәнінде түсіне алмады. Қиын мәселелер бойынша бізбен ақылдасатын, бірақ бәрібір жолды өзі табатын. Әлі күнге дейін солай. Бұл кісі бір мәселені айтқан кезде, біз байыбына барып, түсіне бермейтінбіз. Алдағыны болжайтын адам ғой. Елдің, мемлекеттің ауыртпалығын мойынға алғаннан кейін сол жолдан таймай келе жатыр.

өлгені тірілді. Ұлттық сана-сезіміміз оянып, арғы-бергі тарихымызды зерделей бастадық. Салт-дәстүр, әдет-ғұрып, ұлттық мәдениет жанғырды. Тіліміз бен дінімізді қайтардық. Тәуелсіздік алған тұста атқарылған істердің үлкен бір парасы ретінде тарихи санадағы сілкіністі, рухани өзгерісті атап өтер едім. Сол жылдары отаршыл саясаттың салдарынан езіліп қалған елдің енесін тіктеп, оның санасын, рухын ояту үшін бабаларға арнап ас беру ұйғарылды. Ең алдымен Ахмет Байтұрсынов пен Міржақып Дулатовтың тойлары өтті. Одан кейін іле-шала республика деңгейінде Бөгенбай, Қабанбай, Сыпатай батырлардың тойларын

РУХ БЕРЕР ҰҒЫМ!



Байқап қарасак, Президенттің шешімдерінің дұрыстығын, көрегенділігін уақыт көрсетті. Көпшіліктің көңілін күпті етіп, күмән туғызған осындай бастамалардың бірі ел астанасын Алатаудың баурайынан Сарыарқа төсіне көшіру болған еді. Сол кезде, ел әлі есенгіреп, есін жинамаған уақытта Елбасының бұл ұсынысын көпшілік түсінбеді және құптамады. Дағдарыс жағдайында жаңа қала салу деген көп жұртқа ақылға қонбайтын қиял сияқты көрінді. Мен де қарсы болдым. Ел астанасын көшіру бойынша Мемлекет басшысы бәрімізбен ақылдасып жүрген кезде мен ол кісіге «Жұрт 3-4 ай жалақысын, балалар шәкіртақысын, карттар

өткіздік. Азаттық үшін күрескен батырлардың есімін ұлықтап, бүгінгі ұрпаққа үлгі ету үшін бұл тойлардың маңызы зор болды.

Сол кезде жоқ жерден дау іздегендер де болмай қалған жоқ. «Тойшыл көп кетті» деген күнкілдер естіліп жатты. Бірақ біз той ансап, қарын тойдыру үшін жүрмегендіктен ондай сөздерді елең қылмай, ісімізді жалғастыра бердік. Өйткені азаттық үшін қасық қанын қиған боздақтарға, арыстарға, аруақтарға қанша уақыттан бері ас берілген жоқ еді. Осылайша, ел ұйыса түсті, оның қалғыған тарихи санасы қайта жаңғырып, намысы оянып, жұртта, әсіресе, жастар арасында мақтаныш сезімі пайда болды. Той болғасын шығынсыз болмайды, дегенмен, бұл орайда халықтың өз игілігі өзіне жұмсалды, республика бюджетінен арнайы қаржы бөлінген жоқ. Сондықтан, бұл тойлар тәуелсіздік алған тұста тарихи миссия атқарды десек, артық айтпағандық болар еді.

Өз тәуелсіздігіне қолы жеткен қазақ халқының тарихындағы айтулы оқиға 1992 жылы болды. Осы жылы жер бетіндегі барша қазақтың басын қосқан Дүниежүзі қазақтарының тұңғыш құрылтайы шақырылды. Ол кезде бүгінгідей алшан басып жүрген бизнесмендер де жоқ. Обалы не керек, жаңа қылтып келе жатқан, көсіпке енді араласа бастаған азаматтардың көмегімен құрылтай ұйымдастырдық. Сонда шетелден келген ағайынды әуежайда қарсы алдық. Жата қалып, жерді сүйді олар. Тан қалдық. Елге, жерге деген сағыныш, махаббат қандай десеңізші!

Биыл төу еткен Тәуелсіздігімізге ширек ғасыр толды. Егемендіктің туын тігіп, оны баянды ету маңдайына жазылған ұрпақ елінің кемел келешегі үшін тер төгіп келеді. Бүгінге дейін мен де Тәуелсіздікке қызмет етіп келе жатырмын. Өзімді бақытты санаймын. Бүгінгі ұрпақ ең бақытты ұрпақ. Сол басына қонған бақты бағалай білсе деп ойлаймын. Өйткені, тәуелсіздіктен артық, дербестіктен қымбат еш нәрсе жоқ. Мемлекет құру, оны дамыту, әлемге таныту, сырт көзден сақтап отыру оңай емес қой. Бабаларымыз өмір бойы зар илеп, халықты бірлік пен ынтымаққа шақырды. Бірлік болмаған жерде, тірлік болмайды. Тәуелсіздік орнаған күннен бастап Президент елдің бірлік-ынтымағын Қазақстан тәуелсіздігінің тұғыры етті. Осы бізді құтқарып келе жатқан, тайай

пәледен де сақтап қалды. Мәңгілік ел болудың даңғыл жолына түсті. Енді Алла осы жолдан тайдырмасын!

Мырзатай ЖОЛДАСБЕКОВ,
көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері

(Суреттер ҚР Ұлттық мұрағатынан алынды)



зейнетақысын ала алмай жүр. Қайда көшеміз? Ел жалаңаш, жалаң аяқ, жалаң бас. Қалай саласыз, қалай көшесіз?» дедім. Біз көшіп бара жатқан жұртты шығарып салдық. «Біз Алматыға сыймай емес, қимай кетіп бара жатырмыз» деді олар. Астананы ең қиын кезде, тәуекелге барып, Арқаның қақ төріне көшіру батырлық еді. Ол мемлекетке қажет болды. Бұны ол кезде біріміз түсінсек, біріміз түсінбедік. Мұның үлкен астары бар болатын.

2000 жылы Астанаға Еуразия ұлттық университетіне ректор болып келдім. Міне, содан бері 16 жыл өтіпті. Осы уақытта Астана маған ерекше ыстық, жақын қала болып кетті. Көз алдымда елдің мақтанышына айналған ғажап әсем қала бой көтерді. Алғашқы жылдары Астананың бас жоспарын көрген кезде қатты таң қалғаным бар. Аз жылда осындай ғажайып қаланың салынуы мүмкін еместей көрінген. Енді сол ертегіні көзіміз көріп отыр. Көріп қана қоймай, Астананың сәулетіне сән қосуға өз үлесімді де қосып жүрмін.

Сол кезде берген сұхбатымда «Астана тек Қазақстанның емес, құдай қаласа, Еуразияның астанасы болады»



ҚОҒАМ

www.jasqazaq.kz
E-mail: jas_qazaq@mail.ru



3



ҚАЗАҚСТАН ӘЛЕМ ТАҒДЫРЫН ШЕШУГЕ ҚАТЫСАДЫ

Лебіз

Сауытбек ӘБДІРАХМАНОВ, Мәжіліс депутаты

Ең алдымен айтатынымыз, бұл уақыт, осы сәт – тарихи күн, тарихи сәт. Өйткені, мұхиттың арғы жағынан керемет жақсы хабар келді. Қазақстан БҰҰ-ның Қауіпсіздік кеңесінің тұрақты емес мүшесі болып сайланды. Бұл ерекше зор жетістік. Біз әлемге әлдеқайда ерте танылған, туристік әлеуеті бойынша даңқы бүкіл дүниеге жайылған Таиланд сияқты мемлекеттен айқын басымдықпен түсіп, жеңіске жеттік. 2017-2018 жылдары Қазақстан қауіпсіздік бойынша әлем тағдырын шешуге нақты қатысатын болады. Бұл үлкен жетістіктің біреуі ғана. Жалпы, басты жетістігіміз – ел құра алғандығымыз, ел болып әлем алдында жарқын жүзбен жүргеніміз, тәуелсіздігімізді нығайта алғандығымыз, осы жылдар ішінде мемлекеттің ішкі, сыртқы саясатын тұрақты күйде ұстап, дүние адында саясаты салмақты, экономикасы орнықты мемлекет ретінде орныққанымыз, халқымыздың әл-ауқатын анағұрлым арттыруға қол жеткізгеніміз. Ал алда тағы бір үлкен мақсат тұр – әлемдегі ең дамыған отыз елдің ішіне кіруге тиіспіз. Бұл міндет Президенттің «Қазақстан – 2050» стратегиясында нақты қойылған. Халқымыздың өмірін жаңа биікке көтеріп, болашағы біртұтас ұлт қалыптастырып, өркениетті әлемге еркін кірігуіміз керек. Осындай ұлы мақсаттар қойып отырған тәуелсіз елміз.

Әулет

(Басы 1-бетте)

Кей айларда жалақылары кешіккен шығар, кей кезде кеміген шығар, қиындық көргеніміз рас. Бірақ соңғы жылдары соның бәрі көрген түстей ұмытылды.

Халық шіркін, көн терідей мықты, шыдамды ғой. Әйтеуір, «көппен көрген ұлы той» дестік те, әрқайсымыз өз қотырымызды өзіміз қасып, әркім өзінің қолынан келетін кәсібін айналырып, тіршілік қылдық қой. Алғашқыда аңтарылып қалғанымыз да рас. Кешегі кеңес заманында көзімізді тырнап ашқалы өкімет асырады. Тағы да асырайды деп сенеміз де баяғы. Сөйтсек, мына нарық дейтін заманның заңы басқа екен. Есесіне, тәуелсіздікке қолымыз жетті. Сол тәуелсіздікті ел тізгінін ұстаған азаматтар сақтап қалып, іргесін бекітіп, шаңырағын

да шыдадық. Маңдайымызға біткен жалғыз дүкен болған соң, бүкіл отбасының күшін жұмылдырдық. Өзіміз сатушы болдық. Бірімізді біріміз алмастырып тұрдық. Сөйтіп, аздап тиын құралған соң, алған қарызымыздан құтылдық. Жалпы, менің ойымша, әркім жанын жалдап жұмыс істеуі керек. Менің жолдасым Сапарбек теміржол саласында жұмыс істейді. Бос уақытында бір қарап отырмайды. Осы бір дүкеннің жұмысы бәріміздің иығымызға түскен жүк.

Ел іші болған сон адамдардың мұқтажын Гүлнәр да түсінеді. Азық-түлік дүкеніне келетін тұтынушылардың басым көпшілігі төрт құбыласында тамыр жайып отырған көрші-қолан, ағайын, жекжат. Мұқтажын айтқан адамға қарайласып, қарызға да бере береді. Түптің түбінде әйтеуір бір қайтарады ғой. Адамның күні адаммен деген.

ЖАҚСЫНЫҢ ЖАҚСЫЛАРЫ



көтеріп жатқанда біздің жайымыз осылай болып тұр деп айтудың өзі уят шаруа. Өзгенің ісін, қам-қарекетін айтуым оғаш шығар. Мен өз шаңырағымыздағы ахуалды баяндайыншы. Үй болып отырғаннан кейін отбасындағы адамдардың талапанып, тырмысуы керек-ақ екен. Ынтымақ бар жерден ырыстың қашпайтындығы белгілі. Келініміз Гүлнәр әуел баста сауда техникумын бітірген, жаратылысынан пысық бала. Сол бала Қарағанды қаласында тұратын туысканымыздан қарызға ақша сұрап алды. Ол уақытта әркім бірін екі қыла алмай отырғанда, бір-біріне қарайласу қайда. Әлгі туысканның мұқтаж болып отырған қаражатымызды бере қойғаны жақсы болды. Өзіміздің де шамалап жинаған қаржымыз бар еді. Соның бәрін қосты да балалар үйге жақын жерден көшіп бара жатқан біреудің үйін сатып алып, азық-түлік дүкенін ашты.

Әмина әжейдің келіні Гүлнәр Арқалық қаласындағы кооператив техникумын бітірген екен. Жақсы селосының тұрғыны Сапарбек екеуі шаңырақ көтерген алғашқы жылдары сауда саласында қызмет істепті. Кейін жұмыссыз қалған. Сөйтсе де қарап отыра алмай, бұрынғы тәжірибесіне сүйеніп, саудамен айналыспақшы болып Қарағанды қаласындағы Айжан есімді нағашы апасынан қомакты қаржыны қарызға алыпты.

— Әрине, жоқтан бар жасау оңай емес. Бел буып кірісіп кеткен соң, шегінерге жол болмады. Қазір ғой, керек затыңды дүкенге фирмалардың өздері әкеліп береді. Дүкеннен қажет екенін айтсаң болды. Ешқандай қиындығы жоқ. Ал тәуелсіздіктің алғашқы жылдары тауарды өзіміз тасымалдайтынбыз, — дейді Гүлнәр Төртқарина, — қиын болса

Ел Тәуелсіздігінің 25 жылы ішінде ел ішіндегі адамдардың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайы сауда істеген адамға беп-белгілі. Токшылықта саудасы жүреді, таршылықта қожырап та қалуы мүмкін. Қалай болған күнде де осы сауданың өзі тіршіліктің барометрі тәрізді.

— Әркім ел Тәуелсіздігіне өзінің үлесін қосып, ортақ шаңырақтың уық-керегесінің кенеюіне атсалысу керек дейді ғой. Біз қарапайым адамдармыз. Ешкімге қол жайып, ештеңе сұраған емеспіз. Өзіміздің адал еңбегіміздің арқасында күн көріп жатырмыз. Қолымызда бар болса, мұқтаж адамдарға көмектесеміз. Көрші отырған соң көмектеспей қайтерсің. Оның дастарқанында нан болмай қалса, өз үйінде қазы-қарта өнешіннен өте ме, — дейді Сапарбек, — ендігі тілек ел мерейінің үстем болуы. Осы жолда он екі мүшесі сау барша адам бірлесе қимылдап, қарекет етуі керек. Сонда ғана сапарымыз оң болады.

Жақсы ауылының жуан ортасындағы қазақы шаңырақта ет пісірім уақыт болғанымызда бір отбасының тәуелсіздік жылдары түтінін қалай тіктеген шағын тарихының беттерін парактап шықтық. Өз күйіне шүкіршілік еткен, өз бетінше талпынған қонырқай тірліктің тілегі көңіл сүйсіндірді.

Шынында да, Тәуелсіздік дейтін алып шынардың титімдей бір бұтағы Төртқариндердің отбасы өз еңбектерімен бұр жарып тұрса, ол да ортақ мұратқа қосылған оймақтай үлес емес пе?!

Байқал ҚАЙЫРЛЫҰЛЫ



ЖЕР – БАСТЫ БАЙЛЫҒЫМЫЗ

Лебіз

Сапархан ОМАРОВ, Мәжіліс депутаты:

25 жылдағы Қазақстанның ең басты жетістігі – бұл еліміздегі тыныштық, халқымыздың бірлігі. Мен Мәжілістегі аграрлық мәселелер комитетінің төрағасы болғандықтан, ауыл шаруашылығындағы жетістіктерді атап өтпеге болмайды. Қазақстан бүгінгі күні астық экспортымен айналысатын мемлекеттердің бірінші ондығына кіреді. Ұн экспорты бойынша біз бірінші орындамыз. Қазіргі уақытта мал шаруашылығы даму үстінде. Мал етін экспорттау жөніндегі мәселелердің барлығы шешіліп жатыр. Мұның өзі еліміздің үлкен жетістігі. Шетелдік сарапшылардың болжамы бойынша, әлемде ауыл шаруашылығы өніміне деген сұраныс жылдан-жылға арта бермек. Ал біздің еліміздің кең-байтақ жері бар. Ең басты байлығымыз – жер. Сол жерді бүгінде тиімді, ұтымды пайдалансақ, Қазақстанның болашағы зор болатынына сенімдімін.

Серпін

Еске сала кететін болсақ, металлургиялық кремний зауытының құрылысы Қарағанды қаласында 2007 жылы басталды. Негізгі мердігер «Silicium Kazakhstan» компаниясы құны 165,4 млн долларға бағаланған жобаны жүзеге асыру үшін Казакстан Даму банкі мен басқа да қаржы ұйымдарынан миллиондаған несие алды. Кәсіпорын 2010 жылы іске қосылып, екі жылдай өнім шығара бастады. Алайда мердігерлер қаржы ұйымдары алдындағы уәдelerінде тұрмай, жауапкершіліктен жалтарды. Екі жылдан соң, зауыт басшылығы қаржының тапшылығынан өндірісті тоқтатып, 500-ден астам адамды жұмыстан шығаруға мәжбүр болды.



Мұрат ЖҮКЕНОВ

Ал «Тау-Кен Самұрық» АҚ тоқтап тұрған кремний өндірісін қайта қалпына келтіріп, «Тау-Кен Темір» зауытын іске қосқан болатын. Қалпына келтіру жұмысы мен техникалық аудит, сондай-ақ №1 пешке ішінара жөндеу жүргізілгеннен кейін 2014 жылы қазан айында зауыт қайтадан жұмысын бастады. Сол жылы №2 пеш те күрделі жөндеуден өтті. Жөндеуді кәсіби тұрғыдан орындау, пешті іске қосу және пайдалануға беру кезеңінде сихталарды құрғату, қыздыру және пештерді одан әрі пайдалану бойынша сүйемелдеуді жүзеге асырған әлемдік белгісі бар жабдықтар өндіретін «SMS group GmbH» компаниясы тартылды.

Қарағандыдағы металлургиялық кремний шығаратын кәсіпорын – ТМД елдерінде теңдесі жоқ, бірегей заманауи өндіріс орны. Тазалығы 98,5% пайызды құрайтын кремний неміс компаниясы ұсынған технологиямен өндіріледі. Кремний алюминий өндірісі мен химия өнеркәсібінде қолданылады.

Екінші пешті іске қосу нәтижесінде зауытты оналту жөніндегі жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарының толық циклі аяқталды. Қазіргі таңда металлургиялық кремний өндіретін зауыт

толық өндірістік қуатына шықты. Зауытта болған кезімізде кәсіпорынның өндірістік процестерімен, жеткізілетін шикізаттың сапасымен, өнімдерді сақтау қоймаларымен танысып, зауыт басшылығы мен жұмысшыларының жай-күйін білдік. «Тау-Кен Темір» ЖШС «Тау-Кен Самұрық» АҚ еншілес ұйымы болып табылады. Шикізат ретінде Ақтас кен орнындағы кварц пайдаланылады. Зауытта «екі» және «үштік» дәрежедегі жоғары сапалы кремний өндіріледі. Еліміз кварц шикізаты кен орындарының үлкен қорына бай.

Қазақстан аймағында барланатын 20 кварц кен орнының 17-сі 25 млн тоннадан астам бағалау көлемімен Ұлытау-Жезқазған өңірінде орналасқан. Кәсіпорынның негізгі шикізат базасы Қарағанды облысының Ұлытау ауданындағы «Ақтас» кварц кен орны болып табылады. Осы кеніштегі кварц сапалы. Ол – жоғары маркадағы кремний балқымасы үшін аса тартымды шикізат. Зауыттың газ тазартқыш жабдықтары тозанның 99% пайызын сорып алатын мүмкіндігі бар. Шығатын газдан



Ел Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай еліміздегі әр мекеме, әр кәсіпорын, тіпті әр азамат «Осы уақыт аралығында Қазақстанның өсіп өркендеуі үшін қандай үлес қостым?», – деген сауалға жауап іздейді. Ширек ғасыр уақыт ішінде еліміз дамыған өркениетті мемлекеттермен терезесі тең дәрежеге жетті. Әрине, ынтымағы жарасқан, экономикасы дамыған еліміздің осындай биік деңгейге көтерілуіне отандастарымыздың сіңірген еңбегі орасан. Сөзіме дәлел ретінде, сонау тәуелсіздік жылдарының бастапқы кезінен «ҚазТрансОйл» АҚ-да қызмет етіп келе жатқан маңғыстаулық Рәзия Сақтағанованы айтқым келеді.

Ол 1994 жылы «ҚазТрансОйл» АҚ-на химиялық сараптама жасайтын зертханаға жұмысқа тұрған. Сол жерде 6 жыл тер төгіп, 2000 жылы компанияның Маңғыстау мұнай құбыры басқармасына қарасты «Өзен» бас мұнай айдайтын стансасында қыздыру пунктіннің технологиялық қондырғылар операторы қызметіне ауыстырылады. Халық жазушысы Мұхтар Әуезов «Әйел бір қолымен бесікті тербетсе, екінші қолымен әлемді тербетеді», – деп тура анықтама берген. Рәзия Етбайқызы жұмысы қаншалықты ауыр болса да, бір қолымен бесік тербетіп 4 баласын өсірсе, екінші қолымен жер асты байлығы «қара алтынның» құбыр арқылы бір стансадан екінші стансаға жетуін қадағалайды. Әріптесі Жаксылық Вагизовтың айтуынша, Р.Сақтағанова өз ісіне өте тиянақты, уәдесіне берік адам. «Ол мұнай қыздыру пешінде жұмыс жасайды. Өзен-Жетібай-Ақтау, Өзен-



ЕҢБЕГІНІҢ ЖЕМІСІН КӨРГЕН ЖАН

Атырау-Самара бағытында жүргізілген құбыр арқылы мұнай жіберіледі және біздің міндет – бірқалыпты температураны ұстап, мұнайдың қатып қалмауын қадағалау. Сондай-ақ «Сай Өтес» стансасына жеткізу. Ол шамамен 120-130 шақырым. Қызметкерлерімізді апаттық жағдайдың алдын алу бойынша ай сайын жаттығудан өткізіп тұрамыз. Рәзия Етбайқызы оған аса бір жауапкершілікпен қатысады», – деп мінездеме берді Ж.Вагизов. Мұнай «Жетібай» кен орнынан тартылады. Тиісті деңгейге дейін қыздырған соң, келесі стансаға жолдайды. Осылайша Самараға дейін жалғаса

береді. Рәзия Етбайқызына хабарласып жұмысы туралы сұрағанымызда, бірден ағынан жарылды. Ол «Ең бастысы, жалақы уақытылы төленеді. Компания еңбек қауіпсіздігін сақтау аясында арнайы киіммен, бұған қоса, мені және отбасымды әлеуметтік жағынан қорғалуын қамтамасыз етіп келеді. Жұмысқа уақтылы келеміз, уақытылы кетеміз. Талап сондай. Қауіпсіздік мәселесі бірінші кезекке қойылған», – деді. Сөз соңында Тәуелсіздіктің 25 жылдығымен құттықтап, елімізге ынтымақ, бірлік тілеп, ыстық лебізін білдірді.

Зарина АХМЕТҚЫЗЫ

КӨКЖИЕГІ



КЕҢ КРЕМНИЙ

Соның нәтижесінде тазалығы 98 пайызды құрайтын кремнийдің екі есе көп мөлшері экспортқа жөнелтіліп жатыр. Ғарыш, электроника, құрылыс салаларында кенінен қолданылатын бағалы металл арқа өңіріндегі кварц шикізатынан өндіріледі. Бұл жана технологияларды кенінен қолданатын зауыт жұмысшыларының біліктілігінің арқасында жүзеге асып отыр. Зауытта металл балқытушы болып қызмет ететін Мейірбек Ыбыраев: «Қазіргі таңда барлық құрал-жабдықтар автоматтандырылған, қол еңбегі жеңілдетілген. Электрондық жүйемен белгіленіп әр екі сағат сайын 3 жарым тонна таза кремний аламыз. Қол еңбегі аз қолданылады бүкіл

соң қалатын микрокремнеземді берік әрі ұзақ мерзімді жана буын бетон дайындауға пайдалануға болады. Қайта жанданған кәсіпорынның штаттық құрылымы бекітіліп, «Ottowolf» және «SMS Siemag» компаниясының мамандары есеп беретін техникалық аудиттен өтті. Сонымен қатар шетелдік жана технологиялардың әкелінуімен кәсіпорынның өнімділік қуаты артты. Қазіргі таңда зауытта 380 адам жұмыс істейді. Осындай қарқынмен келер жылы кәсіпорынның өнімділік қуатын 25 мың тоннаға дейін жеткізу жоспарланып отыр. Айта кетейік, кремний зауытын оналту жөніндегі жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарының аяқталуы еліміздің кремний саласының одан әрі дамып, келешекте сәулетік кремний өндірісі нарығына еркін шығуына зор мүмкіндік берді. Зауыттың басқарма төрағасы Мұрат Жүкеновтің айтуынша, өнім алыс және таяу шетелдерге, атап айтқанда, АҚШ-қа, Ресейге, Германияға, Данияға, Нидерландтарға, Норвегияға және басқа да елдерге экспортталады. Сонымен қатар Қарағанды кремний зауытының өндірістік қуаты артып келеді. Өйткені, биыл зауытта екінші балқыту пеші іске қосылды.



жұмысты автомат атқарады. Айлық уақытында төленіп, жұмысшылардың әлеуметтік жағдайына назар аударылуда» – дейді. Өндіріс қуаты артып, қарқынды қызмет етіп, алға қойған жоспарына қарыштап қадам басқан зауыттың жұмысына тәнті болдық. Алдағы уақытта да кәсіпорынның дамып, биік белестен көрінетініне күмән жоқ.

Мақпал НОҒАЙБАЕВА, Қарағанды

Жаңғырық

Қазіргі қазақ поэзиясындағы 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасының жанды картинасын жасағандардың қатарында Аманғазы Кәріпжанәулеті сынды Желтоқсан зардабын тартқан ақынның алар орны ерекше. Қанды оқиғаны көзімен көріп, жүрегімен сезінген Аманғазының Желтоқсан туралы жырларын алғаш болып жинақ етіп



шығаруы да сондықтан. Жыр жинағының «Желтоқсан жыры» деп аталуынан бұл оқиғаның оның өмірінен үлкен орын алатынын аңғару оңай. Сонымен бірге ол Желтоқсан оқиғасына қатысушылардан сұхбаттар алып, олар туралы мақалаларын «Желтоқсан сүргіні» (1-том) деген атпен шығарды.

Ақынның кез келген шығармасы желтоқсанның ызғары тәрізді бойынды мұздатып ала жөнеледі. Желтоқсанды азаттық, тәуелсіздік жолындағы шешуші күрес ретінде таныған ол «Дәуірлердің сыпырған жон

ПОЭЗИЯДАҒЫ ЖЕЛТОҚСАН ШЫНДЫҒЫ

Ақын Аманғазы Кәріпжанәулетінің Желтоқсан тақырыбына арналған шығармашылығы хақында

терісіне» жан бітіріп, азаттықтың оңайлықпен келмегенін тілге тиек етеді. «Намысыңды жүрегіңе құндақта» деген ақын казак баласын намысты болуға шақырады. Сол тұстағы шындықка жан бітіруде Аманғазы «Желтоқсанның төлі едік түнекте өнген», «Ердің бірі», «Қайрат кім?», «Толассыз бодандық», «Алаңдағы жарық», «Ортақ сырқат», «Шенгелдер» т.б. шағын лирикаларында біршама жетістікке жетті. «Шенгелдерде» 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасына жан бітірген ол «Жарып өтіп талқан қылдық жендеттің Иықтасқан қабат-қабат тізбегін», «Өрт сөндіргіш сөндіре алмай шегінді Көзімізде лапылдаған оттарды» деп бейнеледі. Бірақ кезінде көлік өтпейтін Брежнев алаңының бүгінгі күйі ақынды ғана



емес, жалпы елді аландатып жүргені белгілі. Оны ақын «Топырағымен аланның төпеледік, Боздақтарым төгілген қала сыртын» деп бейнеледі.

Оның шағын лирикасының бірсыпырасы – Желтоқсанның құрбандарына арналған арнау өлендер. Ләззат Асановаға арналған «Ләззаттың басына барғанда» өленінде мезгілсіз дүниеден өткен қазақ қызын «Танытам деп ұлтының ұлықтығын Қиянатта көз жұмды қылықты күн» деп дәріптесе, Сәбира Мұхаметжановаға арналған «Кезікпедім» өленінде «Тарбағатай түлеткен екеумізді Шыныдық, бірақ шынына жеткізбеді» деп сыр шертеді. «Басқа тиіп, бастағы сурақты ұрды» деген Кенжегүл Молданазароваға арналған өленінде «Сыйдырмаған сорлы өмір жас арудың, Көз жасына түншығып бара жатты» деп отаршылдыкқа қарсы азаттық үшін күресте шейіт болған қазақ қыздарының ерлігін дәріптесе, Түгелбай Тәшеновке арналған «Ердің бірі» өлеңінде «Еркіндіктен айылысн деп аспаным, Жай оғындай жарқ еттің де қас-қағым, Жазатайым қайырылып қанатың, Жаныңды әкеп абақтыға тастадың» дейді. Мәселен, «Қайрат кім» өлеңінде «Қ. Рысқұлбеков деген кім соншалықты дүрліктіретіндей? Ерлік жасаған Төлеген емес, Мәңшук емес...» дегендерге қарата Қайраттың елі үшін құрбан болғанын:

*Мақтанар ем: қазақтың сұңғылалы
Болса егер де Қайраттай мың қыраны!
Қара түнді қапсыра құшақтады ол,
Жарқылынан жасынның сынды дағы [2, 26],* — деп жырға қосты. Осы өлендегі «Шыңырауға құлады Намысыңмен», «Жебесін бұл дәуірлер санаға атқан», «Өктемдіктің ордасын шапқан бұзып», «Қарашықтан үзіліп, қасқыр азу, Ала түсті тарихтың жағасынан» деген тармақтардан ақынның жансызға жан бітіруі байқалса, «намыс» сөзінің бірнеше рет қайталануы оқырманның намысын қайрап, жігерін жанытыны рас. Ол Қайрат Рысқұлбеков туралы өлендерін прозаға, дәлірек айтсақ, балалар әдебиетіне алып келді. «Батыр қайраттың балалық шағы» атты балаларға арналған суретті кітапшасының өскелең ұрпақты патриоттық рухта тәрбиелеуде берері мол. Бұл кітапша ұлттық рухтың атадан балаға берілетінін жастарға қызықты тілмен ұғындыратындығымен ерекшеленеді. Әкесінің көзін көрген Жуасбек ағаның Қайратты «Қасқадан туған төбел» деп атауы «Атаға қарап ұл өсер» деген аталы сөзді есімізге салады.

Ал «Жаркенттегі ескерткіш» өленінде Ербол Сыптаев туралы біраз шындықтың бетін ашты.

Аманғазы – тәуелсіздік тұсындағы қазақ поэзиясының белгілі өкілдерінің бірі. Соңғы ширек ғасырдағы ұлттық поэзияны бірнеше жыр жинақтарымен байытқан ол әр жылдары жыр мүшәйраларынан жүлделі орындарды иеленді. Олардың қатарында Шақшақ Жәнібек бабаға арналған жыр мүшәйрасының (бас жүлде), Бұқар жырауға арналған республикалық жыраулар байқауының (3–жүлде), Бішкекте өткен халықаралық ақындар айтысының (3–жүлде) жүлдегері екенін айтсақ та жетіп жатыр. Әл Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің журналистика факультетін тамамдаған оның еңбек жолы баспасөз ісімен байланысты.

жатқанын осындай жолдардан-ақ тануға мүмкіндік бар.

2011 жылы шыққан «Желтоқсан жыры» жинағының беташары ретінде «Азаттық маршы» атты ән-өлені берілген. «Түрілсін түнектер даламда, Күн туды, келіндер алаңға» [2] дейтін лирикалық кейіпкер қазақ жастарын «Бір жағадан бас, бір женнен қол шығаруға» үндейді. Ақынның Алтайдан Оралға, Көкшеден Аралға дейінгі жерді мекендеп жатқан рухы мықты халыққа кезінде төркілеп алған мал-мүлкінің қайта оралуын сұрауы да орынды. «Ортақ сырқат» өленінде мандайын таска

ұрып, жан жарасына ем таппаған қазақ жастарының жанайқайы байқалса, «Тоналған дүкен 1986 жыл» деген өленінде алаңа шыққан жастарға жағылған және бір күйенің беті ашылады. Сол кездегі мерзімді баспасөздегі: «Сондай-ақ маржан саудасының дүкені де тоналды...», — деген хабарламаға жаны күйзеліп, намысы тапталған жас ұлан «Дәл бүгінгі мақсатым — Алтын емес, Ашкөздікке қарсылық» деген түйін жасайды. Сол сияқты «Алаңдағы өрт», «Аударылған трамвай» өлендері де Желтоқсандағы оқиғаларды көз алдымызға ешқандай бояусыз елестетін шынайы дүниелер. «Желтоқсандық екіжүзділер» атты өленінде тарих беттеріндегі әділетсіздікке жаны күйзелген лирикалық кейіпкер қуғын-сүргіннің құрбаны болған жандардың тарих сахнасынан ысырылып, екіжүзділердің Желтоқсан атын жамылып жүргеніне күйзеледі.

Ақынның Желтоқсан туралы өлендерінің түйіні «Толассыз бодандық», «Желтоқсанды бағала» өлендерінде тұжырымдалған. Қазақ басына кигізілген отаршылдық қамытына назаланған ақын «Дәуірлердің сыпырған жон терісін, Мүлде ұмыттым тарихтың он терісін» дей келіп, қазақтың тарихын Қазан төңкерісімен шектеп жүргендерге налиды. Сондықтан ол тәуелсіздік алуға мұрындық болған оқиғаны бағалауға шақырады: *Туғынан шаң емес, азап ұшқан, Қазақ едік шындық деп қазақ құшқан. Коммунистік жүйені ғаламда алғаи, Төңкерген де дәл осы Қазақстан [2, 39]*

Қазіргі таңда қазақ ақындары осылайша Желтоқсан қаһармандарының көркем бейнесін жасап, олардың ерлігін дәріптеуде. Осы мысалдар ХХІ ғасырдағы қазақ поэзиясының жана кейіпкерлермен толығып, мазмұны жағынан байып жатқанын байқатады.

Желтоқсан оқиғасына қатысушы жастарға жағылған күйенін жалған екенестер Одағының астанасы Мәскеудегі Кремль үйінде тұңғыш айтқан Мұхтар Шаханов екені баршаға аян. Ол жөнінде М.Шаханов былай деген болатын: «М.С.Горбачевқа Арал мәселесімен кіремін деп, кіріп алған соң Арал туралы бір сөз айтпай, бастан аяқ Желтоқсан мәселесін айттым. Маған күше те көрсетті. «Сенің аузыңды жабам» деді» [3, 3], — деген болатын. Ағамыздың жазықсыз жапа шеккен жастардың жанына жалау болу үшін комиссия құрып, біраз шаруа атқарғаны белгілі. Сондықтан ақынның Мұхтар Шахановқа «Түнекті серпіп келеді сырғанап аспан» атты өлең арнауы орынды.

*Табыттан күлсе сықсыып жылауық арман,
Тіршілік сырын тарихтың сурауы жалаған.
Желтоқсан сұсын мезгілден сілкігеніңмен,
Жүректе сызы, шапшыңда қырауы қалған [2, 51],* — деген жолдарда Мұхтар ағаның ерен еңбегі мен жазықсыз жапа шеккен жастардың жан жарасы нанымды суреттелген. Тән жарасы жазылар, жан жарасын уақыттың да емдей алмайтынын түсінген және оны шынайылықпен жеткізген. Ақын шығармаларының дені Желтоқсан туралы болғанмен, қоғамдағы өзекті мәселелерді арқау еткен өлендері де жетерлік. Мәселен, «Ана тілі» өленінде: *Жат тілімен жалмаса — Жақының да сорлайды. Тіл тәуелсіз болмаса — Ел тәуелсіз болмайды,* —

деп, қазақ тілі мемлекеттік тіл лауазымын алғанмен, ресми түрде оның өз дәрежесінде қолданылмайтындығын тілге тиек етіп, ана тілін қолдауға барша қазақты шақырып, «Кім өз тілін қорласа — Өз ұлтына ол жатпайды» деген тұжырым жасайды.

Аманғазы өлендерінің қайсысын алып қарасаңыз да, одан патриоттық рух мен мұңдалайды. Оның Желтоқсан туралы өлендері еліміз тәуелсіздік алғанға дейін, дәлірек айтсақ, 1990 жылдарға дейін жазылғандығымен де құнды. Қазақ жастарының «Мызғымс Одаққа» сес көрсетіп, жауынгер халықтың өр ұлдарының басы ноктаға сыймайтынын танытқанын шынайы бейнелеген жырлардың қазіргі қазақ поэзиясынан алар орны ерекше екенін баса айтқан жөн.

Гүлжахан ОРДА,
М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының бас ғылыми қызметкері



*Сол қоғамның жарамсақ қасқырлары
Әкелді де табытты аштырмады.*

*Әруақты тағы да қамауға алды,
Аз болғандай алаңның басқа ұрғаны [2, 23],* — деген жолдардан Желтоқсанның біраз сырын аңғару оңай. Мұсылман халқында соңғы сапарға шығарып салудың өз рәсімдері қатан сақталады. Шариятқа қарсы келген коммунистер өз қылмыстарын сол жабулы табытпен бірге жер койнына тапсырғаны анық. Ақынның жанайқайы өр ұландарға жасалған осындай ездердің тірлігін әшкере етті. Арала отыз жылға жуық уақыт өтсе де, бұл оқиғаға қатысты талай шындықтың беті ашылмай

ЖЕЛТОҚСАН

E-mail: jas_qazaq@mail.ru

www.jasqazaq.kz

Облыс орталығындағы «Тыныс» акционерлік қоғамы бас директорының орынбасары Мұрат Бекеновтың көкірегін желтоқсан айы туған сайын бір беймәлім сезім баурайтыны бар. Әлде өміріне күрт өзгеріс енгізіп, тағдырдың тәлкегіне түскендіктен бе екен.

МҰРАТТЫҢ ІЗГІ МҰРАТЫ

Қазір, тіпті есіне алғысы да келмейді. Есіне алса, көкірегін мұң тұмшалап, өзегін өкініш өртейтін тәрізді. Желтоқсанның сол бір аязды суық кезі жан-дүниесін жауратып, тоңдыратын тәрізді ме қалай. Сол жылы Мұрат Балапанұлы Алматы қаласындағы Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтының бірінші курсында оқып жүрген. 18-ге толған шағы. 9 желтоқсан күні туған күнін тойлаған. Алғашқы әңгіме студент жастар арасындағы ұлт саясатына, анығында, ұлт саясатындағы әділетсіздікке деген наразылық шығып жатқан уақыт.

Зерлі Зерендінің баурайындағы табиғаты тамаша Қошқарбай тауының етегінде дүниеге келіп, қаймағы бұзылмаған қазақы ортада өскен, Зерендідегі мектеп-интернатта оқып білім алған Мұраттың қазакылығы басым-туғын. Кейін Алматыдағы республикалық физика-математика мектебінде білім алды. Көркем әдебиетке құмар болып өсті. Әсіресе, Алаш жұртының алағай да бұлағай күндерін сипаттайтын Ілияс Есенберлиннің шығармаларын тұшына оқып, зердені зейіндейтін. Оның үстіне әкесі Балапан да отбасында әрқилы тағылымды әңгімелерді айтып отыратын.

Әлі есімде Зерендідегі мектеп-интернатта Есімбек Сейдахметов есімді ұстаз сабақ берді. Пәні қазақ әдебиеті болса да, ұлт тарихын, оның қилы-қилы тағдырын жиі айтушы еді. Тәлімгер ұстаздың ықпалымен көркем әдебиетке құмар болып өсті. Әлі есімде жазғы демалыста елге келіп мал бағатын. Әке-шешесіне қолғабыс ретінде. Көк майса шалғынға мал шіркін мелтектеп жатқанда, Мұрат өзге бір әлемнің, көркем де сиқырлы әлемнің ішіне сүнгіп кететін. Сол кезде сансыз сауалдар сананы шабақтайтын. Осы біз неге казак мектебін бітірген оқушылар орыс тілінде оқуымыз керек. Бірақ бұл бұлжымас тәртіп еді. Жалғыз Мұраттың қамал бұзбасы тағы белгілі. Оқылды, намыс қамшылап, үміт алға жетектеп. Орыс тілінде оқыса да, ешкімнен кем болған жоқ. Қайта арынды топтың кеуде тұсында жүрді.

Қазақстан Орталық партия комитетінің пленумы өткен күн онсыз да шырығып жүрген, шырпының оты тисе лап ете түскелі тұрған жастық жалынға сұмдық әсер етті. Алғашқы күн гу-гу әңгіме, сан қилы пікір. Бұлар оқитын институттың корпусынан бір топ студент шықты. Бір қызығы, араларында жалғыз болса да бір орыс баласы бар. Алматыда кім көп, студент жастар көп. Осындағы мектеп-интернатта оқыған, тұмысынан жақсыға жаттығы жоқ Мұраттың жүз таныстары көп еді. Құшақтасып амандасып жатыр. Пікірлерін білдіріп жатыр. Алғашқы бетте бәрі бейбіт сипатта болатын. Тәртіп бұзайық деген ешқайсы жоқ. Лениннің ұлт саясаты туралы айтуда. Әр халықтың, әр ұлттың өз көсемі болуы керек деседі. Тіпті орыс болса да, қазақстандікі болу керек. Жиналған жастар түске дейін тұрып, кейбіреулері қайта бастаған. Дәл осы кезде шырықты милиция жасақтары бұзды. Әуелі біреулері сендер кімсіңдер, неге жиналып тұрсыңдар дескен. Бейбіт шеру бейбіт тараған. Осы күні ойлап қараса, ұлттық намыс, ұлт мұраты дәл сол кезде өрістей қойды деу қиын



екен. Келесі күні жатақханада отырып, бару керек деп шешкен. Жалғыз өзі ғана емес, курстас достарының басын қосып. Жігіттермен тілдесіп көрді, құптағандары көп, сактанғандар да бар. Тәртіп бұзылса, іс насырға шапса, оқуымыздан шығарады, қудалайды дескендер де табылды. Ақыры жалғыз кеткен. Бұл келсе, қаптаған милиция. Аланның қызуы көтеріліп, қызуы көтергенініз не жалыны аспанға шапшып тұр екен. Іле төбелес басталған. Құтты жасанған жауға қарсы аттанған

Кенесары жасағының әскері сияқты. Олардың қолында сойыл, шоқпары болды ғой, бұлардың қолында дым жоқ. Кеуделерінде намыс қана бар. Ал солдаттар болса аямай жосылды. Қойға тиген аш қасқыр тәрізді. Жігіттен қыз өжет екен. Қазактың қыздарының қайсарлылығына таң қалған, намысына тәнті болған. Небір жігіттер арыстанша арпалысып қыздарды қорғады, жас жігіттерді қорғады. Өз кеуделерін окқа тосты. Алдыңғы қатарда тұрған қаракөз қарындастар аузын арандай ашып ұмтылған иттен де, иттен де зәрлі, қорқынышты солдаттардан да қаймыққан жоқ. Қалың топ лыкси шетінеп, сай-саланы қуалай аққан көктемдегі қызыл судай көбесі сөгіле бастаған. Жоғары курстың студенттері мұны «Макаревич» деп атайтын. Лақап аты. Қоршауда қалыңқырап бара жатқан бұны арашалап алып шыққан. Тағы да толқу. Оң мен солын адам ажыратып болмастай.

Ымырт үйіріле күн күрт суытты. Үй-үйдің арасымен жортып жүріп



жатақханаға қайтқан. Танертен институтқа келсе, гу-гу әңгіме. Әншейінде қарасын көп көрсете бермейтін факультет декандары, қилы-қилы қоғамдық ұйымдардың басшылары жиналып қалыпты. Жастарды сабырға шақырып жатыр. Бұл жатақханаға жатырп оралып, кініп алып қайта барған. Дәл сол күні «Метель» операциясы басталды. Нағыз қырғынды енді көрді. Тәртіп сакшыларынан емес, заводтың жұмысшыларынан. Қолдарында темір таяқ. Қазактың жастарында жеті атасының кегі бардай желпініп жүр. Таудай-таудай машиналар су атып жатыр. Халық теңіздей толқиды. Әп-сәтте үсті-басы мұз сауытқа айналған. Әуелі жұрт сабырлы еді, сұмдық кейін басталды. Іргесі сөгілген көпшен бірге қашқан, қолдарына жұмыр темір ұстаған екі жұмысшы қуып берді. Сәтбаев көшесінің бойындағы арыққа көлденеңдей құлағаны есінде. Қуған екеуі темір таяқтарымен сабап жатыр. Бір сокқы басына тиген. Есенгіреп кетіпті. Есін бір жиса, жан ұшырып ұмтылып келе жатқан қазақ жігіттерін көрді. Медицина институтында оқитын Серік деген жігіт екен, қасында бір топ жолдастары. Екі жұмысшыға тап берген. Өздерінен зор шыққан соң жалы жығылған олар амалсыз шегіне берді. Басы мен-зен, қан саулап тұрса да қашқан топтың соңынан ере берген. Телерадио кешенінін тұсына келгенде, жарыла бытырады. Қоршаудың арғы бетіне қарғып түскенде өлдене былқ еткендей болды. Жүп-жұмсак бірдене.


Сөйтсе, қансырап жатқан қаншама жұрт. Әлгілерден амандық-саулық сұрасып, танысып жатыр. Осы жерде қансыраған жігіттердің жарасын қыздар танып берді. Өздерінің көйлектерін жыртып. Сол бір сурет мәңгілік есінде.

Кейінгі таусылып бітпес тергеу, сұрақ-жауап. Ел көрген қиындықты бұл да көрді. Тәзді, сенді. Желтоқсанда елге қорған болған жастардың үмігі ақталып, туған ел тәуелсіздік алды. Қазір Мұрат Бекенов өткен өмірдің сол бір қиын қыстау күндерін еске алғанда, ең алдымен, Алаштың аруларының қайсарлығына тәнті болады. Анасы қайсар жұрттың баласы қайдан жасық болсын. Жарқылдаған

алмас қылыштай қайратты жұрттың қаншанда бағы басым боларына сенімі де мол.

Біз бүгін желтоқсаншы Мұрат Бекеновтың жан сырының жарым парағын ғана жаза алдық. Өйткені, сөз көп болғанымен, көлем шектеулі. Әйтсе де, теңіздің дәмі тамшысынан белгілі болады дегендей, біз сабақтаған сөздің астарындағы уытынан-ақ ұлағатын ұғуға болатын шығар.

Байқал БАЙӘДІЛОВ



«ЖАС ҚАЗАҚ» КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

КӨКШЕТАУ

www.jasqazaq.kz

E-mail: jas_qazaq@lru



Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ, Қазақстан Республикасының Президенті:

«Заман ағымы бізді Қазақстан Республикасы тұңғыш рет тәуелсіз ел ретінде әлемге әйгілеген тарихи дата – 1991 жылдың 16 желтоқсанынан күн сайын, сағат сайын алыстатып барады. Біз жыл өткен сайын сол бір тарихи таңдаудың сарқылмас құдыретін жан жүрегімізбен түсінеміз. Ол – егемен мемлекетте бейбітшілік пен келісімде, өзара сенімде азат өмір сүру таңдауы. Ол туған жеріміздің қазынасы мен қазба байлығына дербес иелік етіп, барша қоғамның игілігі үшін өз қолауымызбен жұмсау таңдауы. Ол – өз тағдырымызды өзіміз айқындау, болашағымызды өз қолымызбен жасау таңдауы. Біздің жаңа Қазақстанымыз жарық жұлдыз болып дүниеге келді. Баршамызды Тәуелсіздіктің Ұлы рухы жебейді, біріктіреді, бойымызға қуат беріп, сенімімізді нығайтады»

безбендейтін кезең ғой. Сіздердің селолық округтеріңіздің табысы баршаға белгілі. Осы береке-бірліктің сыры неде?

Наталья Милюк: Тәуелсіздік – тәтті ұғым. Соңғы жылдары бірлік пен түсіністіктің арқасында шалғайдағы шағын елді мекендердің түтіні түзу ұшуда. Жергілікті қазақ халқында «Ынтымақ бар жерде, ырыс бар» дейтін әдемі сөз бар. Сол ынтымақты нығайту жолында ассамблея зор еңбек етіп жатыр. Атап айтқанда,

Нұрсұлтан Назарбаев бір сөзінде «Дені сау ұрпақ – ұлтымыздың келешегі. Ұлт денсаулығын жақсарту әр кез мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі» екенін баса атап өткен еді. Мемлекет басшысының осы тұжырымы жұмыста одан бетер жігерлендіре түседі.

Жұмыстан бос уақытымды «Бари» армян этномәдени орталығында өткіземін. Қазақ халқы және армян ұлты арасында көп ұқсастық бар. Әсіресе, екі ұлтта да қонақжайлылық пен баршаны бауырына тартатын жайсаң мінез басым. Тарихқа көз жүгіртер болсақ, мұнда да екі ұлт

Үстіміздегі жыл әрбір отандасымыз үшін естен кетпес оқиғаларға, айрықша мәртебелі, көл-көсір қуанышқа толы, мерейі мелтектеген мерекелі жыл. Олай болатындығы, ықылым заманнан бері баһадүр бабаларымыз ет жүрегі елжіреп аңсаған ұлы Тәуелсіздіктің 25 жылдық мерекесін алты Алашқа сауын айтып тойлау үстіндеміз. Той үстінде ғана емес, алқалаған терең ой үстіндеміз. Тойдың жөні өз алдына, ой теңіздей терең, иірімдей тұңғыық.

келісім» мемлекеттік мекемесімен «бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып» ымыраласқан байланыста жұмыс істеуде.

Осындай жанды жұмыстардың нәтижесінде этносаралық және конфессияаралық татулық тамырын тереңге жайып келеді.

Қарапайым тілмен айтсақ, әрбір ұлт өзінің ұлттық кейпін сақтап, тілі мен салт-дәстүрін дамытуға барынша мүмкіндік туғызылған. Облыс орталығында және көптеген аудандарда өзге ұлттардың тілдерін оқытып үйретуге арналған кешкілік мектептер жұмыс істейді. Жекелеген ұлт өкілдері өздерінің ұлттық мерекелерін кең көлемде атап өтуге бастамашы болуда. Әр ұлттың өзіне тән ұлттық мұрасы



ОТАНЫ БІРДІН – ТІЛЕГІ БІР

Қазақстанның жаңа тарихының мағынасы мен мазмұны кемел, жарқын беттері болып саналатын бұл күндері өткен жылдардың жемісін, қол жеткен табыстарымызды саралай салмақтап, жаһан дүниеге жария етіп айтудан айтып жатырмыз. Айту керек те. Өткенді екшесек, болашақтың сара жолын бағамдаймыз. Ал өткен өз алдына бір белес. Ол белестің салмақты сабағы бар.

«Жас қазақ» газетінің Көкшетау өңірінде өткізген конференциясына Қазақстан Халқы Ақмола ассамблеясы төрағасының



Марал ЖАҚЫПОВА



Файруза БАХМАТОВА



Наталья МИЛЮК



Арминэ ТОРОЯН

орынбасары, хатшылық басшысы Марал Жакыпова, Ерейментау ауданындағы «Возрождение» татар мәдени ұйымының төрайымы Файруза Бахматова, Заречный селолық округінің әкімі, Қоғамдық келісім кеңесінің төрайымы Наталья Милюк, Көкшетау калалық емханасының терапевт дәрігері, «Бари» армян этномәдени орталығының мүшесі Арминэ Тороян қатысты.

Жас қазақ: Газетіміздің дәстүрлі түрде өткізілетін конференциясына қош келдініздер! Марал Жакыпқызы, сөз басын тәуелсіздік тағылымдары төңірегінен сабақтасак. Алдымен біз үшін қастерлі де қымбатты Тәуелсіздіктің отандастарымызға берген жарқын сыйы туралы айта кетсеніз?

Марал Жакыпова: Быылғы жылы ел Тәуелсіздігінің 25 жылдығы қарсаңында өткізілген Қазақстан халқы Ассамблеясының XXII сессиясында «Мәңгілік ел» патриоттық актісі қабылданғаны белгілі. Бұл актіге отбасымыз бен Отанымыздың амандығы, бірлік пен татулық, әрқайсымыз өз еңбегімізбен көгертетін еліміздің ертені деген сенімі өзек болған. Бүгінгі таңда біздің облыста 39 этномәдени және қоғамдық бірлестіктер жұмыс істейді. Көкшетау мен Қорғалжынның кең жазира өңірін жайлаған сандаған ұлттар мен ұлыстарға ақ бесік болып отырған осынау өлкедегі татулықтың тірегі ұлтаралық келісімді жүзеге асырудың арқасында кеңінен қанат жайып келеді. Әсіресе, тәуелсіздік жылдары. Қазір біз сүттей ұйып отырсақ, ол ең алдымен осы бірліктің нәтижесінде. Этномәдени бірлестіктер өздерінің ұлттық ділін, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын қайтадан жаңғыртып, дамыту жолындағы жұмыстарын ширата түсті. Әрбір этномәдени бірлестік «Қоғамдық

сакталып, оны жарқыратып көрсетуге, достықтың дәнекері етуге мүмкіндік тудырылған. Осы жұмыстардың бәрі айналып келгенде, Тәуелсіздіктің жемісі деп толығымен айтуға болады.

Ассамблея жылы деп жарияланған быттырғы 2015 жылы көпұлтты мемлекеттің ең басты байлығы – халқымыздың бірлігі екенін айқын көрсетіп берді. Шынында да, бірлік бар жерде тірліктің болатындығы баршаға белгілі. Ұлттық мәдени көпшілік шараларды мазмұнды етіп өткізудің арқасында облыстағы қоғамдық-саяси, мәдени өміріміз мәнді бола түседі. Сонда ғана біз бір-біріміздің көкірегіміздегі көңіл-күйді түсініп, жакындаса түсеміз. Бұл да халықтың уақыт талабына сәйкес бірігу қажеттігін түсінуі. Осы орайда бізді қандай күш біріктіреді дейтін болсақ, ол ең алдымен сөз жок тәуелсіздігімізді нығайту, оның тұғырын биіктету екендігі талас тудырмайды.

Жас қазақ: Файруза Нәсіпқызы, тәуелсіздіктің тұғырын биіктетін бірінші тілек ел ішіндегі ауызбірлік ынтымаққа байланысты. Осы бағытта Ерейменнің ең төсін жайлаған елде қандай иман жүзді шаруалар атқарылып жатыр?

Файруза Бахматова: Әрбір жыл өзіндік маңызды тарихи оқиғаларымен есте қалып жатады. Быылғы жыл да айшықты сондай оқиғаларға толы. Ең бастысы, ел Тәуелсіздігінің 25 жылдығы барша қазақстандықтар үшін, әсіресе қазақ халқымен ежелден бауырлас, дәмдес, сыйлас осы елдегі татар диаспорасы үшін барынша құнды.

«Көппен көрген ұлы той» дегендей, біздің ата-бабаларымыздың да кезінде барлық замана қиындығын жергілікті халықпен бірге өткергені, өндірістің әр саласында қоян-қолтық араласып еңбек еткені, қолда барын

тең бөліскені анық. Енбегімен елге танылған, халық шаруашылығын өркендетуге үн қосқан ардақты аға буын ардагерлеріміз Ерейментау өңірінде аз емес. Әке-шешеміздің аузынан естіген естелік-деректерді, дәуір оқиғаларын бүгінде өз ұрпағымызға жеткізуді, игілікті ісін үлгі-өнеге ретінде құлақтарына құйып отыруды төл парызымыз санаймыз. Осының бәрі аталдан балаға дарыған отбасылық тәрбие нышаны.

Тәуелсіздіктің татар халқына жақсылық шарапаты мол болды. Біздің жұрт түпкі ел қазақпен тағдырлас. Ел басына күн туған талай-талай алмағайып замандарды екі халық бірдей көрген. Кешегі кеңес заманында да жергілікті ұлт өкілдері сияқты біздің татар жұртының да көрмеген қиянаты жоқ. Өзгесін былай қойғанда, ұлттық болмысымыздан түгел дерлік айырылып қала жаздадық. Татар тілі тұтқырланып, біздің ұлттың жасы түгіл жасамысы орыстілді болып кетті. Шынын айту керек, ол кезде татар тілін оқыту, оның ұлттық мәдениеті мен салт-дәстүрімізді насихаттау өңіміз түгіл, түсімізге де кірмейтін. Енді аз уақыттың ішінде түгел орыстанып кетер едік. Бұл – ақиқат. Тәуелсіздік алғаннан кейін ақ түйенің қарны жарылды. Татар күннің өзінен өткен тарихын танып, көмескі тартқан салт-дәстүрін қайтадан жаңғыртып, уақыттың тозанынан аршып алып, алыс екі тамырына қан жүгіртуде.

Тәуелсіз еліміздің өміріндегі әрбір айтулы күннің, әрбір үлкенді-кішілі мәдени-танымдық шараның біз үшін әрқашан маңызды зор. Сондықтан, алдағы уақытта осыған бар күш-жігерімізбен лайықты үлесімізді қосапыз.

Жас қазақ: Наталья Казимировна, Ел Тәуелсіздігінің 25 жылдығы мерекесі атқарылған шаруаларды

Қазақстан халқы Ассамблеясының қоғамдық келісім кеңестері ұлтаралық бірлікті нығайтып, азаматтық қоғамды қалыптастыруда жетекші рөл атқарады. Мұндай кеңестер әр өңірде бар, әрі атқарып жатқан жұмыстары өз нәтижесін беруде.

Тәуелсіздіктің шағын ұлттарға, олардың ғасырлар бойы жалғасып келе жатқан өзіндік ұлттық болмысын, жасарған заманның жаңғырған бейнесімен бірге сәуелеленуіне тигізген жақсылық шарапаты тілмен айтып жеткізгісіз. Егер тәуелсіздік таны атпағанда, қазақтың кең даласын жайлаған, оның ішінде бір ғана облыста ондап саналатын шағын ұлт өкілдері өздерінің ұлттық бейнесінен мүлде ажырап қалар еді. Мен үшін ең алдымен, тәуелсіздік әр ұлттың ұлттық құндылығын сақтауымен ардақты. Рас, елдегі экономикалық, әлеуметтік-тұрмыстық жағдайлар жана нарық саясатымен түбегейлі өзгеріске түсті. Ол туралы сала мамандары өздері айта жатар. Менің айтпағым, тәуелсіздік ұлттар арасындағы әділетті қалпына келтірген саяси оқиға болды.

Жас қазақ: Арминэ Сергеевна, Ақмола өңірі жүздеген ұлттар мен ұлыстардың қонысы болып отыр. Ұлттар арасындағы достықтың дәнекері неде деп ойлайсыз?

Арминэ Тороян: Қазақстан ұлтаралық келісім мәселесіне зор көңіл бөліп отырған мемлекет. Елімізде барлық ұлттардың еркін еңбек етуіне, сүйікті кәсібімен шұғылдануына, қаласа, саясатпен айналысуына барлық жағдай жасалған.

Мен Көкшетау калалық емханасында терапевт дәрігер болып жұмыс істеймін. Күн сайын 20-25 адамды қабылдап отырамын. Дәрігер ретінде мен үшін ең бастысы – адамдарға көмектесу. Себебі бір адамның денсаулығы оның үй-ішінің амандығының кепілі. Елбасы

ғасырлар бойы туған жерлерін жаудан қорғап, егемендікке қол жеткізу үшін аянбай күрескендігі тәнті етеді. Біздің ата-бабамыз кемелденген болашақты аңсады. Осылайша, екі халық бұл күндері өз тәуелсіздігіне қол жеткізіп, мемлекеттерінің толыққанды дамуы үшін аянбай еңбек етуде.

Елдің бірлігі аға мен інінің, көрші-қолан, туған-туыстың арасындағы өзара ынтымақ пен ыстық ықыластан бастау алады. Осы орайда, біздің жазушыларымыз бен акындарымыздың арасында өрбіген достықты айтап кетуге болмас. Әйгілі әншілеріміз Күләш пен Гоар өте жақын құрбылар болған. Армян Виктор Амбарцумян жұлдыздар жүйесін зерттесе, Қаныш Сәтбаев жер қойнауын барлады. Ал армян ұлтының өкілі Левон Мирзоянды қазақ халқы «мырзажан» деп құрмет тұтқан. Иә, шынымен қаншама ұлт пен ұлыстың өкілі бірге тұрып, бірге жасап, бір мақсатқа жұмылып өмір сүріп келе жатқан қазақ елінде достық ұғымының мәні өте тереңде.

Бізге ұлтаралық қатынастың жақсы жолға қойылуы ынтымақтастық пен ұрпақтар сабақтастығын мейлінше өркендетуге септігін тигізуде. Тағдырдың тәлкегіне ұшыраған этнос өкілдерімен бір үзім нанды бөлісіп жеп, үйіне паналата білген қазақ халқы дарқан көңіл, қонақжай. Осы ретте, Тәуелсіздіктің 25-ші белесінде тұңғыш рет Алыс айту күнін атап өтуіміз тектен-тек емес. Бұл бүгінгі таңда Қазақстандағы бірлік пен ынтымаққа негізделген мемлекеттік саясаттың жанды көрінісі. Алыс айту арқылы адамдар арасындағы түсіністіктің, сыйластықтың жана қыры ашылады. Түрлі этнос өкілдері бір-біріне ризашылық білдіріп, риясыз көңіл танытуы халқымыздың тыныштығын бекемдей түсетініне сөз бар ма?!

Алыс айту күнінің негізгі нышаны кәдімгі қазақтар сүттен жасайтын құрт болды. Көпшілік сүйсіне жейтін тағамның тандалуының сыры да бөлек. Тоталитарлық кезеңнің қасіретті жылдарында өзге елдерден мәжбүрлі түрде қоныс аударған адамдар санында тапқан еді. Міне, қазақ халқының осы бір ұлттық тағамы қаншама адамның өмірін сақтап, халықтар арасындағы достықты нығайта түсті.

Бүгінде біздегі барлық ұлт өкілдерін Қазақстанға деген шексіз сүйіспеншілік біріктіреді. Тағдыр тауқыметін бастан кешкен ұлттардың жергілікті ұлттан осы бір қадір-қасиетін білуге өзге мемлекеттерге үлгі болар ынтымақтастықты бекем сақтап келеді.

Конференцияны ұйымдастырған Байқал БАЙӘДІЛОВ, Ақмола облысы

Ару-Ана

«...Ұлы Отан соғысының жсалынына шартылмаған біздің елде бірде-бір семья жоқ. Соғыс қайғысы, солдаттың сағынышы, жардың мұңы, жетім-жесірдің көз жасы әрқайсымыздың басымыздан өтті». **Бұл – Кеңес Одағының Батыры Бауыржан Момышұлының таспаға түскен дауысынан үзінді.**

Жан жаралап, жүрек сыздатқан отбасылық драманы Баукен де бастан өткеріпті. Жаужүрек қолбасшы да қамығалы екен. Қарауындағы қалың әскерімен қан майданға екі жүз жеті мәрте кіріп, аман шыққан даңқты сардар жеке өмірінің қалтарыс-қырларын ашып айтпағанымен, жоғарыдағыдай сөзбен түспалдап қана жеткізеді. Тегінде, «Мен де адаммын жаралған сүйек-еттен» деп өзі де жырлағанындай, бұл тұрғыдағы Бауыржан мұнын тереңірек түйсінгісі келген адам онын орыс тілінде жазылған «Она» деп аталатын шағын әңгімесіне зер салғаны жөн-ау. Автор бір-бірін сүйген екі адамның арасындағы аса нәзік те күрделі тартыстар сырын: «Қасірет тек топастарға ғана тән емес, өйткені, олар қайғы-мұң дегеннің не екенін түсіне алмайды» деген эпиграфпен бастайды.

«Бәукеш! Сенен хабар ала алмай көзіміз төрт болды ғой. Тым болмаса, дұспан көзі етіп, екі айда бір хат жазбағанына жол болсын! Күнде хатшының жолын тосумен отырамыз. Бақытыңды қолына алып, «Айналдым» дейтін сөздеріңді екі айда бір рет есіне түсірмедің бе?! Ол сені айтпайтын сағаты жоқ. Күннен-күнге ақылы кіріп келеді. Қазір, тіпті анық сөйлейтін болды. «Мен темекі тартпаймын, орысша сөйлемеймін, папам ұрсады, папам маған ойыншықтар әкеледі» дейді. Не болмаса, орындықтарды жатқызып қойып, мініп алады да, «Бекбай болдым, папаға барайықшы!» дейді. Ақылды-ақылды сөздер сөйлейді. «Ух, папамды сағындым ғой!» деп қояды. Маған: «Мама,



екінші анамыздай болған берекелі адам-ды. Баукенді күйеуі емес, баласындай мәпелейтін. Алдынан шығып, бір ауыз шалыс сөз айтпайтын ғой. «Баукен» дейтін де отыратын. Бірақ Құдай-тағала, енді... Бірге тұрмады көп... Бір, мінез болады ғой адамда...

Жәмекең мейірімінің шексіздігі сонша, мысалы, Мынбай аға айтып өткен Кәкімжан Қазыбаев зайыбы Орыншаны келін етіп осы Баукен мен Жамал апайымыздың шаңырағына түсіреді. Ол кезеңдерді Орынша апай да сонша бір сағынышпен әңгімелейді:

— 1956 жылы шілде айында Кәкен екеуміз бас қосып, Баукен мен Жамал апаның үйіне түстім мен. Сонда бірнеше ай тұрдық. Үйлері екі бөлме, кетейік десек жібермейді. Баукене күні-



сирете бастайды да, күндердің бір күнінде басқа жанмен көңіл қосып тынады.

Орынша төтеміз күрсініп қояды:

— Е-е-е... Несін айта берейік... Сондай жағдайларды апай маған білдіргісі келмейтін. Баукендей адамды кию да онай емес қой. Жәмкен жылайды сондай сәттерде... Кетпесін дейтіні жалғыз қалғысы келмейді екен ғой. Қазір есіме түсіп, ойлаймын ғой соны. Біз, әйтеуір қол үзген жоқпыз о кісіден. Өле-өлгенше араласып тұрдық. Көкен де туған анасындай аялаушы еді. Барған сайын жылайтын көрінеді. «Ол да кетті тастап, сендер де кеттіндер

өз беттерінмен» деп. Бірақ Баукеннің бір кереметтігі, мүлде тастап кеткен жоқ Жәмкенді...

Асыл анасын Бақытжан Момышұлы аға да емірене еске алады. Бұ кісінің сөзінен Жәмекең туралы кейбір тосын деректерге кезігер едік. *(Бұл әңгімені Бәкеннің аузынан 2006 жылы күз айында жазып алыппын. — Қ.М.):*

— Анамның төркіні — Қарағанды облысының Қарқаралы ауданы. Нағашы аталарым Алматыға 1860-шы жылдары келіп қоныстаныпты. Содан тұрақтап, жақсы тұрмыс құрған. Қазіргі аэровокзалдың орнында сол ағайынды Сүлеймен, Мұмсары деген көпестердің жайлары тұрады екен. Қаракесек бабамыздан тараған кісілер.

Бір тамшы жас

жылама, папашым келеді ғой!» дейді. Ол сені шын сағынып жүр,

көшеде әскерше киінген кісі көрсе болды

«папа ғой» деп қарап тұрады. Осындағылардың «күбір-күбірін» жазайын десем, хабарласпай қойдың ғой. Біреулерге жағып, біреулерге жақпап кеткен жайың бар. «Сол айтып кетіп еді» деп айтуға қаймығатын үлкендер де бар көрінеді. Бірақ көпшілік аузында — істеп, айтып кеткендеріне ризалықтары ғана айтылып жүр. Көп риза саған. Көп жұрт сенің хабарыңды менен сұрайды, сұраған сайын уяламын, жамандығымнан сенен хабар ала алмай жүрген адам сияқтымын. «Иә, хабар келіп тұрады, хат алдым, телеграмма алдым» деп айтып қойдым елге. Менен басқа телеграмм, хат алған адамдар бар көрінеді».

Бауыржан Момышұлының алғашқы зайыбы Бибіжамал Мұхамеджанова жазған осы хаттың мазмұнынан-ақ кімге, қашан және қандай жағдайда жазылғаны түсінікті болып тұр.

Баукен сонау 1943 жылы майдан даласынан Алматыға демалысқа келіп, қазақ зиялыларының арасында дәріс оқып, бірталай жүріп қайтатын белгілі сапарынан кейін араға жарықшақ түскен сияқты.

Әйтеуір не пәленін қиліккенін кім білсін, Баукен осыдан кейін әйелімен хабарды үзіп, ұзақ уақыт тым-тырыс қалғандай. Содан Алматыға елуінші жылдардың орта тұсында бір-ақ оралады. Бұл жәйттің жай-жапсарын сол кезеңде Бибіжамал апаймен бірге жұмыс істеген қазіргі карт сатирик, о тұста жиырма екі жасар жігіт Мынбай Рәш жетігірек біледі:

— «Лениншіл жас» газетіне алғаш жұмысқа орналасқан сәттерім күні бүгінгідей жадымда. 1952 жыл. Машбюроға кірсем, толықша, қызыл шырайлы келген, әдемі бір келіншек отыр екен. Жұрттың бәрі «Жамал апай, Жамал апай» дейді. — «Бұл қай Жамал апай?» — «Ойбай-ау, Баукеннің бөйбішесі!». — «А-а-а!». Содан бастап білем. Машинистка көрінеді. О кезде компьютер деген түске де кірмейді. Біз — журналистер жазып келеміз де, диктовкаға отырамыз. О кісі сартылдатып басады. Керемет маман. Бір қате жібермейтін. Әдебиет, тарих жағынан да білімдар кісі, қайта, жұмыс үстінде біздің катемізді көнігі редактордай жөндеп жіберіп отыратын. Көкімжан Қазыбаев, Сапар Байжанов, Әбілфайыз Ыдырысов, Нығмет Ғабдуллин тағы басқалары бар, бірге істедік. Адами қасиеті ғажап Жәмкең бәрімізге қамқор еді-ау! Өте кеңпейіл жан. Содан қызық болды арада бірталай өткенде. Жәкен ерекше жарқылдап, айрықша бір қуаныш құшағына бөленіп, нұрланып келді жұмысқа. Сүйтсек, Бауыржан Момышұлы отставкаға шығып келе жатыр екен. «Ойбай, біз де барамыз!» деп өре көтеріліп, Баукенді перроннан қарақұрым халық, тіпті бүкіл Алматы болып қарсы алдық десе, шындық енді. Со кездегі Калинин мен Фурманов көшесінің мүйісіндегі үйіне дейін еріп келдік. Қазір жасырып-жабары жоқ, Жәмкен жар дегендегі жалғыз бөйбішесі еді ғой Баукеннің. Анау Бақытжандай баланы дүниеге әкелген; көңілі дарқан, дастарқаны да керемет кең; соғыстан кейінгі жұтандау кездерде бәріміздің



мен соны дастарқанға тасимын. Ас пісірісейін десем, сен әуре болма, одан да ана кісілердің әңгімесін тыңда, бәрін өзім-ақ даярлаймын деп, қазан-ошаққа жуытпайды. «Лениншіл жастың» жігіттері пәтерде тұрса да, бәрі кезектесіп Баукенді қонаққа шақыратын еді. Біз қоса еріп бара жатамыз. Онсыз да сымбатты Бауыржан аға офицерлік киімін киіп алғанда, тіпті сонадайдан көз тарттады.

Ұзын бойлы, қыр мұрынды, жанары шоқтай жайнаған, адам қарай алмайтындай өткір көзді кісі-тін. Ал апай жолдасының сәл иығынан келетін сұлуша, ақсары келіншек.

Жамал апа, шынында да, жанының шуақтылығымен бірге, назар аудартатындай келбетті де кісі екен. Со тұстағы зиялы қауым әйгілі биші Шара Жиенқұлова мен кезінде Қазақ қыздар педагогикалық институтының

ректоры болған Тұрсын Мырзабекованы және Бауыржан ағамыздың жары Жамал апайды «Алматының үш сұлуы» деп атапты. Айтса айтқандай-ақ, Бибіжамал Мұхамеджанқызының да әсем жан әлемі мен сыртқы көркі үйлесіп, аса бір нұрлы адам екенін әйгілеп тұрса керек.

— Жәмекеннің үстінде қызғылт крепдешин көйлегі болатын, — деп сөз жалғайды Орынша төте. — Басына желкесінен байлап ақ жібек орамал тартады. Қалжыны бар кісі. Баукене еркелеп сөйлейтін. Со кезде Баукен — қырық жетіде, Бибіжамал апай қырық екі жаста екен ғой. Қонаққа барған кезімізде аға ертерек қайтқысы келеді, апай отыра тұруды қалайды. Маған үйден шығарда: «Орынша, Баукен кетем десе, аға, біразырақ отырсаңыздаршы деші, сонда аялдар ма екен» деп ескертеді. Бәрібір көп бөгей алмаушы едік. Ал өзіміз түнделетіп, кешірек қайтамыз. Сонда Жәмкең еш ренжімей есік ашады. Баукен үйде жоқ болады...

Орынша апайдың айтуынша, бұлардан кейін жас Шерхан Мұртаза да қалыңдық Мәрияны алғаш келін етіп осы үйдін босағасынан аттатады. Қысқасы, Баукен шаңырағындағы шаттық талайды тамсантақан. Әйткенмен, арада алты-жеті ай өткенде мұнын алдында да ұзақ уақыт сыртта әскери қызметте жүрген батыр үйге келуді



кәдімгіше шыркататын. 1-ші жылкомбинатта тұрдық. Қазіргі Қабанбай атамыз бен Фурманов көшелерінің қиылысы. 2-ші жылкомбинатта Дмитрий Снегин, Тайыр Жароков, Жұмағали Саин ағалар тұрған. 3-ші жылкомбинатта

Кәрім аға Мынбаев, Жұбан аға Молдағалиев, Әлжаппар ағалар бар. Нағыз мәдени орталық десе артық емес. Бәрі бір-бірімен керемет араласатын. «Лениншіл жастан» да келетін адамдар көп. Анам кейде «үлкен шәугімді қой» деп звондайды. Демек, журналист ағаларым келеді деген сөз. Бірден түсінемін. «Кіші шәйнекті қой» десе, өзі ғана келеді. Мен де шешеме анда-санда коммутатор арқылы қонырау шалып тұрушы едім. Онан кейін цифрлы телефондар келді ғой. 53-48 нөмері арқылы теретінмін. Мұны да ұмытпаппын...

Бақытжан аға тоғыз-он жасар кезінде үріккен аттан жығылып мерт болған өзінің Шолпан әпкесі есіне түскенде көзі боталап, бірталай қамығып қалады:

— Жайлауда бөйгеге жаратып отырған ат екен. Басы қатты. Алматы аймағы ауылдарының бірі анамды қонаққа шақырған секілді. Ондағылар тау ішінде Шолпанды батырдың қызы деп атқа мінгізеді. Атақты сәйгүлік көрінеді. Жазмыш па... Содан құлаған. Әкем қырқыншы жылға дейін анаммен бірге Қиыр Шығыста, одан Житомирде әскери қызметте жүрген ғой. Сонда араларындағы осы кішкентай Шолпанның пойызда келе жатқандағы, қалт еткенде қыдыруға шыққандағы, ойнап жүрген сәттеріндегі қулындай құлдырандап жүгірген, ішек-сілесі қатып күлген әрбір қылығына сүйсініп, достарына менің тентек қызым сөйтті деп мәз болып, аузынан тастамай айтып отыралы екен. Перзент өлімі онай тие ме. Соны есіне түскен сайын, «қарамадың, ие болмадың» деп анамнан көргендей болып, қатты қиялданатын еді...

Шолпан, расында да, әкесі іштей зор үміт күткен өте алғыр бүлдіршін болыпты. Қапияда сүйікті қызынан айырылуы батырдың жүрегін қансыратып, мәңгілік жазылмайтын жараға айналған.

— Мен де жастай мәрттігіп, көп азап шектім. Кейін бірде әкемнің: «Ежелгі ұғым бойынша ата-баба, әке-шешенің күнәсін ұрпағы



көтеретін түсінік бар ғой. Сол, тегінде, рас нәрсе. Қазақ «зауал» дегенді бекер айтпайды. Әрбір теріс әрекетін алдынан шығатын сөт туады. Қанша жаттарсан да жауаптан құтыла алмайсың. Мен де елімді қорғалым дегеніммен, көп қан төккенім анық. Сонда маған қарсы атылған оқ жазатайым саған тиіп кетпеді ме екен?!» деп толғанғаны есімде.

Бөкен ата-анасының ажыраған сәтіне келгенде күбірлеп, үні құмыға шығады:

— Әкемнің іргені аулақ салуы, әрине, анама жеңіл тимеді. Бірақ бәріне де шыдады. Кішкентай кезімде мен де налылым ғой енді талай... Көп жәйтті терең түсінесе қоймасам да, ренжідім, өкпеледім әкеме... Бұл қалай, неге кетті, неге қасымызда болмайды, неге бірге тұрмаймыз дегендей. Сонда анам: «Әкенді сөкпе! Әкенді ешқашан да жамандаушы болма!» деуші еді. Әйтеуір күдер үзген жоқ. Өмір бойы күтті ғой.

Келе-келе өз төңірегіндегі де, қоғамдағы да тоғышарлыққа көп кезігіп, алтын басын тауға да, тасқа да соға жүріп, «достан да, дұшпаннан да көңілі қайтқан» Баукен де Жамалдай асыл жарын ойлап, қатты торыққан екен.

— Қандыкөйлек досы Дмитрий Снегин бір кітабында әкемнің кейін өз қателігін түсініп, көзіне жас алғанын алғаш рет көргенін жазады...

Біз де Снегин кітабынан сол үзіндіні келтіруді жөн көреміз: «...Одан соң алғашқы қосағым Бибіжамалды жер қойнына тапсырдым. Мен оны бөйбіше деуші ем. Өмірден тым жас кетті. Қазір елу ұшы келер еді. Біз осыдан ширек ғасыр бұрын ажырастық *(айырылсқан жоқпыз?)*... Тек соны ғана сүйіп, соны ғана анасайтынмыды терең ұғынып, жан ауыртуым үшін — оның өлуі керек екен. Ішім қан жылайды. «Онаба!» деген үндерді естімін. Бірақ жазғырушыларым сумандаған алақандарымен көкірек көзім ашылып, өкінуімнің тек бір ғана тамшы жасын қағып алса, осының өзі-ақ, балқыған қорғасындай, солардың жүректерін күйдірер еді!». Ол үн-түнсіз, қыстыға егілді».

Мен Бауыржан Момышұлының 1953 жылы жазылған әлгі «Она» деп аталатын әңгімесін қазақшалағаным бар. Талай жүк арқалаған осы шығарма: «Иә, оларды ажыратқан соғыс еді»

деген сөйлеммен аяқталады.

Біздің де кейіпкерлерімізді айырған сол сұм соғыс еді.

Құлтөлеу МҰҚАШ



Ел Тәуелсіздігінің 25 жылдығы қарсаңында Әл Фараби Еуразиялық зерттеу орталығының ашылуы Қазақстан мен Түркия ынтымақтастығын нығайтуда маңызды оқиға болды. Ашылу рәсімі Түркияның беделді оқу орны Ыстамбұл университетінде өтті.

орталығын ашу туралы өзара келісімге келді. Одан бөлек, негізгі серіктестер «жасыл экономика», инновация, бизнес, өнертапқыштық пен патент алмасу, қолданбалы зерттеулер саласындағы өзара тиімді ғылыми қызмет үшін университеттердің қабілетін біріктіруге дайын екендігін білдірді.



Орталық ұлы ойшыл Әбу Насыр Әл Фарабидың энциклопедиялық мұраларын жалғастырмақ. Сондай-ақ гуманитарлық, әлеуметтік және табиғи ғылым саласындағы ғылыми-зерттеу жобаларын бірлесіп жүзеге асыратын халықаралық алан болады. Ректор Ғалым Мұтанов «Еуразиялық Әл Фараби орталығының ашылуы философқа деген түрік халқының жоғары құрметінің белгісі. Қазақ халқына достық ықыласы деп бағалануда. Бұл жобаның келешегі зор болмақ. Өйткені, орталық жұмысы кәсіби кадр дайындауға, ҚазҰУ ғалымдарының еңбектерін Ыстамбұл университетінің халықаралық дәрежелі баспаларында жариялауға және жарияланым белсенділігі мен жиілік көрсеткішін көтеруге, сондай-ақ білім беру және ғылыми-зерттеу қызметін коммерциялауға бағытталады. ҚазҰУ профессорлары орталықта қазақ тілі, Қазақстан тарихы мен мәдениетінен сабақ беретін болады», — деп атап өтті. Айта кету керек, орталықтың ашылуына «Өркениеттер Альянсі» (UNAOC) Үйлестіру комитеті жұмыс тобымен уағдаластық арқасында мүмкіндік туды. Ыстамбұл университетінің басшысы, профессор Махмұт Ақ ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтановқа қазақстандық оқу орнының жаһандық ғылыми-білім беру кеңістігіне қосылуы мен оқу орнының халықаралық дәрежеде көрсеткішті көтерудегі динамикалық жаңалығы, сонымен қатар екі жақ ынтымақтастығына қосқан үлесі үшін Түркияның беделді университетінің «Құрметті доктор» атағын берді. Сонымен қатар екі тарап Түрік әлемі медиа

Жазерке ҚАРАТАЕВА



г.Алматы, Головной офис Тел: 8 727 253 01 14
г.Алматы, пр. Достык Тел: 8 727 225 88 81
г. Алматы, ул Фурманова Тел: 8 7272 670 419
г. Алматы, пр-т Сейфуллина Тел: 8 7272 795 724
г. Алматы, пр-т Алтынсарина Тел: 8 727 303 55 69
г. Алматы, Мик-р. Орбита Тел: 8 727 380 98 87
г. Алматы, ул Ауэзова Тел: 8 7273 75 46 66
г. Алматы, Тц Mart Тел: 8 727 343 51 35
г. Алматы, Трц «Азия Парк»,. Тел: 8 727 343 59 91
г. Шымкент, пр. Тауке хана, б/н,

www.zugohome.com



ТАНИЙМ

(Жалғасы.
Басы өткен санда)

Жетінуі тарау

Өңгіме. Харун Рашид бір күні түс көріп, түсінде аузындағы тістері түгелдей түсіп қалады. Ерте тұрып, түс жорушыны шақырып, түсінің мазмұнын айтады. Түс жорушы: «Ей, әміршім, сенің жақын ағайын-туыстарыңның бәрі өліп, сенен басқа ешкім де қалмайды екен», — депті. Харун Рашид: «Менің бетіме бағтитып қайғы толы қаралы сөз айтуына жол болсын? Егер менің барлық ағайын-туғаным қырылып қалса, мен кайтіп күнімді өткізбекпін?» деп, түс жорушының жонына жүз дүре соғуға бұйырады. Түс жорушының өзге біреуін шақыртып алып, көрген түсінің мазмұнын айтып, түсімді жорып бер дейді. Түс жорушы: «Ей, әміршім, барлық ағайын-туыскандарыңнан сенің өмір жасың ұзақ болады екен» дейді. Харун Рашид: «Жалпы ақылдың жолы біреу-ақ, екеуінің де жоруы бір жерден шықты. Бірақ алғашқы жору мен соңғы жорулардың паркы аспан мен жердей» деп, Халифа кейінгі түс жорушыға жүз ділда беруді бұйырады. Ей, перзентім, сөздің оны мен терісіне, өңі мен астарына айрықша мән беріп, мағыналы етіп сөйлеу үшін әрекет істе. Сөз сөйлеудің кереметтей қасиетіне, міне, осылар жатады.

Сөйлеген сөзіңнің мағынасына мән бере білмесең, мысалы, сен де бір құс сияқтысың. Мұндай құстың атын тоты дейді. Тоты құс та сөйлейді, бірақ ол сөздің мағынасын білмейді. Шешен кісінің сөйлеген әрбір сөзі халыққа түсінікті және оның өзі халықтың әрбір сөзін жете түсініп, жоғары дәрежеде мнгерген жағдайда ғана айтуға болады. Мұндай жандар ақылдылар тобына жатады. Ал ондай қасиеттен құралакан қалған жандар — олар да бір адам кейпіндегі жануарлар. Сөздің құнын дұрыс бағалай біл. Өйткені сөз жай нәрсе емес. Білген сөзіңді өз орнына қойып, уақытыңды босқа өткізбеуге тырыс. Уақытты басқа өткізу — даналыққа ажал жеткізумен тең. Әрдайым шындықты сөйле, мәнсіз сөз айтуға әдеттенбе, білмейтін ілімнен сөйлеп, нан талап етпе. Қандай талап болмасын, тек білетін ілім-өнеріңмен ғана жүзеге асады. Білмейтін ілім, өнерді білемін деуден бос азаптанудан басқа түк те шықпайды.

Өңгіме: Ануширован Әділ патшаның заманында бір әйел Абузуржимеһірдің алдына келіп, бір сұрау берді. Абузуржимеһир ол сұраудың жауабын білмейтіндіктен, әйелге қарап: «Ей, мен сенің сұрағыңа жауап бере алмаймын. Өйткені мен оны білмеймін» деді. «Егер сен оны білмесең, қалайша падишаның нанын жеп жүрсін» деді. Абузуржимеһир: «Білген сөзім үшін жеймін де, білмеген сөзім үшін нанын жемеймін, егер бірде-бір сөз білмесең, патша маған еш нәрсе де бермес еді», — депті.

Ей, перзентім, әліңнен аспа, асып-тасуды сұмдық істің басы деп түсінгейсің. Әрбір істе орташа болған жөн. Әрбір сөзді сөйлеуде, жұмысты істеуде шыдамды болып, саспағаның жөн. Сырынды өзіңнен басқа ешкімге де айтпағайсың, ал

Тірлікте мәңгі өлмейтіндердің бірі – кітап, оны құртын

жіберетіндей құдіретті кш жоқ.

Кітап – тәрбие бастауы. Көне заманнан жеткен асыл жәдігердің бірі – «Қабуснама». Бүгінгі өскелең ұрпаққа шапағаты тиер деген ниеттен шығармадан үзінді ұсынамыз.

Шешендік өнерін үйреніп, жоғары мәртебелі болу туралы



біреуге айтқаннан соң оны құпия деп есептеме. Топ ішінде жеке біреуді оқшау шығарып сөйлесу немесе құлағына сыбырлап сөз айту жақсы әдет емес. Ондай сөзден адамдар күмән етеді. Өйткені көпшілік бір-біріне күмәншыл келеді. Сөйлеген сөзіңнің дұрыс-бұрыс сөз екеніне жұрт куәлік беретіндей болсын. Егер өзінді зорлық пен қылмысқа итергін келмесе, бір нәрсеге куәлік беруден сактан. Куәлікті өз еркіммен бер. Әрбір сөзге құлақ сал, жеңілтектіктен сактан. Ойланып сөйле, ал ойсыз айтқан сөзіне өкінбегейсің. Алдын ала ойлану — асыл қасиет. Әр түрлі сөзді тыңдаудан қиналма. Өз қажетіне жарасын, я жарамасын тыңдаудан жалықпа. Қалайда өзін үшін сөз қақпасы ашық болып, пайдалы сөздің қайнар бұлағы таусылмасын.

Суық сөз сөйлеме. Суық сөз де, мысалы, бір арам шөптің ұрығы сияқты, одан дұшпанын пайда болады. Дана болсаң да өзінді наданға сана, сонда ғана саған өнер дарбазасы әрдайым ашық болады. Егер сөз өнеріне жетік болсаң да, сөз құрылысын бұзбай, қаз-қалпында, дұрысын айтқанда, бірқалыпты ырғақпен сөйле. Қызметкер адамдармен қызметкерлерше, қарапайым адамдармен қарапайым сөзбен сөйлегін. Қай кезде болмасын шешендік өнерінің шегінен шықпа. Аузыңнан шыққан сөзің тыңдаушыға тыңдаушының жүрегіне қонымды, жеңіл болсын. Егер сен сөйлегенде бұл тәсілді қолданбай, айтар сөзіңді бар ықыласыңмен дәлелдегеніңмен, жұрт оны тыңдамайды. Тыңдаушылардың талабына қарап, көңіліндегісін тауып сөйлеген кезде ғана қиын жағдайдан қысылмай шығасың.

Ей, перзентім, егер сен қанша шешен болсаң да, өзінді білтір, ділмар шешендерден төмен ұста. Сөз үйренуден жиренбе. Көп біліп, аз сөйле. Аз біліп, көп сөйлеме. Көп сөзділік — ақылсыздықтың нышаны. Аз сөйлеу — сау-саламаттыққа да тән қасиет. Көп сөздің қанша дана болғанмен, жұрт ақылсыз деп есептеп, керісінше, сөйлемей отырған ақылсыз адамды ақылды жан екен дейді. Егер сен өзің адал жанды болсаң жаман істен бойынды таза ұстаған жағдайда да өзінді өзің мактама, өйткені сен өз пайданды ойлап, өзіне өзін куәлік берсең, сені ешбір жан тыңдамайды. Сені халық мактасын. Сөйлегенде әрбір сөзің нысанаға дөп тисін.

Өңгіме. Бір ғалым кісі бар еді. Ол Зинжан өлкесінің шайығы болатын. Сол жерде бір аксүйек жігіт бар еді. Ғыламдарға ұқсап сөз айтуға құмар жан еді. Екеуі бір-бірімен жиі-жиі айтысқа түсіп, бірін-бірі қаралауға

құмар еді. Бір күні аксүйек жігіт шайықты көпір деді. Бұл сөз шайықтың құлағына жетті. Шайық мен егер көпір болсам, ол арамзада болады деді. Бұл сөзді аксүйек есітті деді, орнынан атып тұрып, ашумен Рай қаласына барды да, қаланың әкімі Сахип Аббатдың алдына кіріп көзінен жасын төгіп, шайықтың жәбірлегенін баяндап, «Сіздің заманыңызға пайғамбар әулетін шайықтың арамза дегені дұрыс па?» — деді. Бұл жағдайда Сахип Аббатдың қаһары келіп, желел шабарманын жәіберіп, шайықты шақыртып алды. Әкім қаланың ғалымдарын жинап, үйіне кіргізді. Әкім Сахип Аббад шайыққа қарап: «Сен үлкен ғалым адамсың және жас емес, төріңнен көрін жақын, көпті көрген жансың, пайғамбардың әулетін арамза деп айтуына жол болсын, айтқан сөзіңді дәлелде, егер дәлелдей алмасаң, қатан жаза қолданамын. Жұрт сенің қылмысты ісіңнен түіліп, алдағы жерде әдепсіздік істемесін», — деді. Сонда шайық орнынан тұрып: «Бұл істің түйінін әділетпен шешкейсіз және бұл істі дұрыс шешу үшін аксүйектің өзінен басқа куәнін қажеті жоқ, шындығына келсек, ол тек менің сөзіммен ғана алдандалды», — деді. Сахип Аббад дәлелін айтыңыз деді. Шайық айтты. «Аксүйек жігіттің анасының некесін мен қиғанымды жұрт біледі, бірақ ол мінбеге шығып, халық алдына мені «көпір» депті. Егер ол «көпір» деген сөзін шын көңілімен сеніп айтқан болса, көпірдің қиған некесі мұсылманға жүрмейді де, аксүйек өз сөзімен арамзада болып шығады, ал егер ол айтқан сөзін шын көңілімен сеніп айтпаған болса, өтірікші болып шығады, өтірікшінің де сазайын беру керек. Демек, бұл аксүйек — арамзада немесе өтірікші. Енді оған қандай үкім шығаруды өзіңіз білерсіз», — деді. Бұл сөзді есіткен аксүйек, ақылын ашуға жеңдіріп, ойламай айтқан сөзінен опық жегенін түсінді.

**Директор — Бас редактор
Срайыл СМАЙЫЛ**

Редакция алқасы:

Елдос ӨМІРЗАҚҰЛЫ

Бас редактордың бірінші орынбасары

Ғалия ҚАЛИЕВА

компьютер орталығының жетекшісі

Бөлім редакторлары:

Марат МАМАНБАЙ — қоғам және әлеумет

Макпал НОҒАЙБАЕВА — өнер және руханият

Руслан ДОСТАЕВ — арнаулы тіліші

Кәмшат ТӨЛЕШОВА — теріміші

Мехмет СЕМЕРЖИ — фототіліші

Аймақтағы меншікті тілшілер:

Байқал БАЙӘДІЛОВ — Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстары (8 778 910 45 34)

Шынарғұл ОНАШБАЙ — Алматы облысы (8 701 503 02 76)

Асқар АҚТІЛЕУ — Ақтөбе облысы (8 778 523 44 96)

Фарида МҰНАЛҚЫЗЫ — Маңғыстау облысы (8 702 799 06 22)

Мұхтар ШЕРІМ — Оңтүстік Қазақстан облысы (8 701 428 21 08)

Айхан БАШТАШ — Осло, Норвегия mahmutba@online.no

Дүйсенбек АЙБЕКОВ — Жамбыл облысы (8 705 227 45 16)

Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан облысы (8 705 150 48 30)

Кезекші редактор
Макпал НОҒАЙБАЕВА

Шығарушы:

«Аманат Медиа» ЖШС

Директордың орынбасары
Мейрамбек ҚҰЛМҰХАМЕДОВ

Бас есепші
Расима ӘКІМБЕКОВА

Газет 2004 жылғы 14 желтоқсанда ҚР Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінде тіркеліп, бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы №5710-Г куәлігі берілген.

Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты. Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады, соңдай-ақ «AirAstana», «Etihad Air ways», «Turkish Airlines», «BMI», «QazaqAir» әуекомпанияның ұшақтарында бар.